



БАЙҚОҢЫР – ҒАРЫШ ҚАҚПАСЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Байқоңыр» ғарыш айлағының құрылғанына 70 жыл толуына орай видео үндеу жолдады. Ғарыш айлағын құру жөніндегі шешім қабылданғаннан бері Байқоңыр адамзаттың көптеген жетістіктеріне куә болған еді. Мемлекет басшысы айлақтың ғарышты игеру дәуірінің басында тұрғанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев ғарыш саласы қызметкерлері мен ардагерлеріне арналған бейнеқұттықтауында айлақтың мыңдаған жаңалыққа куә болғанын атап өтті.

«Қадірлі ғарыш саласының қызметкерлері мен ардагерлері!

Баршанызды «Байқоңыр» ғарыш айлағының құрылғанына 70 жыл толуымен құттықтаймын!

1957 жылы дәл осы арадан жасанды Жер серігі ұшырылып, ғарышты игеру дәуірі басталды. Көп ұзамай, 1961 жылы айлақтан тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин көк жүзіне аттанды. Бұл тарихи оқиға жаһан жұртшылығын біріктіріп,

адамзаттың ғылым мен өркениет прогресіне деген сенімін нығайтты. Содан бері Байқоңырдан мыңдаған Жер серігі ұшырылып, ондаған миссия орындалды. Мұнда көрнекті ғалымдар, конструкторлар мен инженерлер жұмыс істеді. Ұлы жетістіктердің бастауында тұрған барлық маманға шексіз ризашылығымды білдіремін!», — деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы айлақтың казак жерінде орналасканы да ерекше мәртебе екеніне тоқталды.

«Біз әлемдегі ең ірі ғарыш айлағының казак жерінде орналаска-

нын ерекше мактан тұтамыз. Халқымыздың каһарман ұлдары Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов осы арадан космоска аттанды.

Еліміз халыкаралық ғарышты игеру ісінің белсенді мүшесі саналады. «Байқоңыр» айлағы — Қазақстан мен Ресейдің достыққа, тату көршілікке және өзара түсіністікке негізделген ұзақмерзімді стратегиялық серіктестігінің жарқын көрінісі», — деді К.Тоқаев.

Президент соңғы онжылдықтарда Қазақстан ұлттық экономиканың дамуына ықпал ететін бір қатар ауқымды ғарыш жобаларын

іске асырғанын атап өтіп, «Еліміз Байқоңырды халыкаралық ынтымақтастықтың, ғылым мен білімнің және туризмнің орталығына айналдыруға ұмтылады. Ғарыш қызметінің жаңа нарықтарына шығу, жас инженерлердің, конструкторлар мен ғалымдардың әлеуетін арттыру жарқын болашаққа жол ашады.

Осы орайлы сәтті пайдаланып, Байқоңыр қаласының тұрғындарына айрықша алғыс айтқым келеді. Сіздер табанды еңбек етіп, ғарышты зерттеу ісінің ізашарларынан қалған мол мұраны мұқият сақтап келесіздер. Бұл — зор құрметке лайық. Ғарыш саласы бүкіл адамзатты әрдайым ортақ мақсатқа жұмылдырып, жанашылдық пен ғылыми-техникалық прогреске бастайды. Байқоңыр алдағы уақытта да ұлы жаңалықтар мен озық инновациялардың қайнар көзі бола береді деп сенемін!», — деді Президент.

Мемлекет басшысы атап өткендей, Байқоңыр ғарыш айлағы адамзат өркениетінің ең үлкен жетістіктерінің бірі саналады. Байқоңыр әлемдегі тұңғыш ғарыш айлағы еді. Сонымен қатар бұл жерден тұңғыш ғарышкер көкке көтеріліп қана қоймай, адамзат баласы жасап, Айға қондырған алғашқы аппарат ұшырылды. 1959 жылдың 13 қыркүйегінде «Луна-2» аппараты Айға қонған еді. Сонымен қатар Байқоңырдан ұшырылған аппараттар Шолпанға да, Марсқа да қонғаны бар. Көптеген ұлттардың тұңғыш ғарышкерлері де Байқоңырдан ұшты. Бір сөзбен айтқанда, айлақтың адамзат тарихындағы орны ерекше. Мемлекет басшысы арнайы құттықтау жолдап, Байқоңырдың мән-маңызына лайықты баға беріп, болашағына үлкен сенім білдірді.

ӘРБІР БҮЛДІРШІННІҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ БАҚЫТТЫ БОЛСЫН!

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев
Балаларды қорғау күнімен
құттықтады.



«Балаларды қорғау күні құтты болсын! Жас ұрпаққа тағылымды тәрбие, сапалы білім беріп, олардың бойына асыл қасиеттерді сіңіру — баршаға ортақ парыз. Мемлекет балалардың жан-жақты дамуына барлық жағдайды жасай береді. Әрбір бүлдіршіннің балалық шағы бақытты, болашағы баянды болсын! — деп жазды Президент Х әлеуметтік желідегі өзінің парақшасында.

Сондай-ақ осы күні еліміздің барлық өңірінен келген оқушылар Ақордада қонақ болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясына оқу үздіктері, пән олимпиадаларының, республикалық және халықаралық байқаулардың жеңімпаздары, спорт сайыстарының жүлдегерлері, батыл әрекетімен көзге түскен балалар келді. Ақорданың кішкентай қонақтарының қатарында көпбалалы отбасылардан шыққан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және ерекше қажеттілігі бар жеткіншектер де болды.



Экскурсия кезінде оқушылар Ақорданың орталық салтанатты холы мен ресми қабылдаулар өткізуге арналған залдарды, Мемлекет басшысының кітапханасын, сондай-ақ резиденция аумағындағы бақты аралады.

Экскурсоводтар ғимарат құрылысының тарихы, оның ерекшеліктері мен мұнда өтетін іс-шараларға байланысты қызықты фактілер жайында мәлімет берді.

Сонымен қатар оқушыларға Президент атынан естелік сыйлықтар табысталды. Өңірлерден келген балалар елорданың көрікті орындарын да аралады.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰМАРЫ – КӨК БАЙРАҚ



Ту – тек рәміз емес, тұтас ұлттың рухы. Елдік пен ерліктің, бірлік пен болашаққа деген сенімнің белгісі. Халықты ортақ мақсатқа жұмылдырып, ар-намысты қорғауға шақыратын нышан. Бүгінде біз ата-бабаларымыздың байрағы қандай болғанын, оған қалай қарағанын, қандай мән бергенін білеміз бе?

4 маусым — елдік нышандарын құрмет тұтқан халқымыз үшін маңызды күн. Бұл күні Қазақстанның мемлекеттік рәміздері қабылданған. Әлбетте, Елтаңба мен Ту, Әнұранның қазіргі мәні бөлек. Дегенмен ұлт тарихында таңба мен Тудың айрықша орны болғаны ақиқат. Әсіресе, Тудың жөні бөлек. Ертеде Ту, байрақ, жалау деп бөлінген нышандардың әрқайсысының өз мән мен міндеті болса керек. Этнограф-суретші Калиолла Ахметжан оларды жеке-жеке қарастыру керек екенін айтады. «Көшпелі халықтарда биліктің, әскербасылықтың, дәреженің және киеліліктің белгісі саналған үш түрлі рәміз болған. Олар — ту, жалау және байрақ. Бұл үшеуі де өз қызметі мен қолданылу ерекшеліктеріне қарай бір-бірінен айқын дараланады.

(Жалғасы 6-бетте)

ҚОҒАМ

ЦИФРЛЫҚ ТҮРЛЕНУ – ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ

Биылғы экономикалық ірі іс-шараның бірі – Астана халықаралық форумында Президент цифрлық трансформациялау мәселесіне айрықша тоқталды. Мемлекет алдына Қазақстанды «Еуразиядағы жетекші ІТ хабқа айналдыру» туралы стратегиялық мақсат қойды. Жалпы, бұл сала елде қаншалықты дамыды? Сарапшылар айтуынша, елде әлі күнге Data-орталықтар жетіспейді, кабелді интернет өз мүмкіндігінің шегіне жетті. Осы және басқа мәселені шешпей, ахуалды түзетпей, цифрлық түрлену болмасы даусыз.



ГИМНАСТАРДАН ҮМІТ КӨП

Спорттық гимнастикадан ерлер арасындағы Азия чемпионаты биыл 5-8 маусым аралығында Оңтүстік Кореяның Чечон қаласында өтеді. Қазақстан бұл турнирге жоғары орындар үшін күресуге қабілетті ең мықты құраммен қатыспақ. Алайда жарыста әлемнің ең үздік гимнастарымен бәсекелесуге тура келеді.



3 МАУСЫМ 2025 | СЕЙСЕНБІ



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКС ТАЛҚЫЛАНАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 5 маусым күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Соған сәйкес алдағы бейсенбіде сенаторлар «Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы» заңды және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аумақтық қорғаныс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды. Бұл заңдар қоғамдық қатынастарды реттеуді және аумақтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық негіздерін белгілеуді көздейді.

Сонымен қатар бюро мүшелері Сенат Комитеттері осы аптада өткізетін іс-шараларды пысықтады. Олардың қатарында «Мемлекеттің «жасыл» инвестицияларды тартуды және қолжетімді үздік техни-

каны кеңінен қолдануды ынталандыру мен қолдау бөлігінде Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексін іске асыру туралы» тақырыбына арналған Үкімет сағаты да бар.

Бұдан басқа, осы аптада депутаттар заң үстемдігі мен адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге, ғылыми-техникалық қызметті дамытуға, жоғары оқу орындарының экономиканың нақты секторымен байланысын арттыруға және басқа да тақырыптарға қатысты мүдделі тараптармен бірқатар кездесу өткізеді.

Сондай-ақ іс-шара барысында бұған дейін Парламент Мәжілісі қабылдаған заңдар жұмыс үшін Сенаттың Комитеттеріне бөлініп берілді.

ЖОҒАРЫ АУДИТОРЛЫҚ ПАЛАТАНЫҢ ЕСЕБІН ТЫҢДАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Алдағы отырыста депутаттарға Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасы төрағасының «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының халықты және денсаулық сақтау объектілерін дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету бойынша қызметінің тиімділігіне аудит жүргізу» тақырыбындағы есебін тыңдау ұсынылады.

Сонымен қатар депутаттар 2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан мен Ресей үкіметтері арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау

туралы заң жобасын қарайтын болады. Түзетулер ұшу сынақтарының басталу мерзімін 2023 жылдан 2025 жылға ауыстыруды, сондай-ақ 2028 жылдан 2039 жылға дейін «Бәйтерек» кешенінен ұшырулар санын жылына екі реттен үш ретке дейін арттыруды және басқа да бірқатар түзетуді қарастырады.

Екінші оқылымда орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын қарау жоспарланып отыр.

Сондай-ақ жалпы отырыс барысында бейінді комитеттер жаңа заң жобаларын жұмысқа алатын болады.

ҚАЛА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУЫТҰ ҚАЖЕТ

Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссияның кезекті отырысы өтті. Күн тәртібінде қалалар мен елді мекендердің орнықты дамуын қамтамасыз ету мәселелері, нақты айтқанда, олардың инфрақұрылымы мен тиімді жоспарлау тетіктері сөз болды.

Отырысты ашқан Мәулен Әшімбаев Орнықты даму индексінің 2024 жылғы деректеріне сәйкес қалалар мен елді мекендердің орнықтылығына қол жеткізу Қазақстанның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі болып қалып отырғанын атап өтті. Жалпы, қазір Мемлекет басшысының тапсырмасымен азаматтардың қалаларда, шалғайда орналасқан және ауылдық елді мекендерде өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасау үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде қалалар мен елді мекендердегі заманауи және жайлы инфрақұрылымды дамыту мәселесіне үнемі баса мән беріп келеді. Былтыр



Мемлекет басшысының бастамасымен 2029 жылға дейінгі Ұлттық инфрақұрылымдық жоспар бекітілді. Бұл стратегиялық құжат энергетика, сумен жабдықтау, көлік және цифрлық байланыс сияқты маңызды секторларды қамтитын елдің орнықты инфрақұрылымдық негізін қалыптастыруды көздейді. Халықаралық ұйымдардың мәліметтеріне сәйкес, инфрақұрылымға салынған инвестициялар орнықты даму саласындағы міндеттердің 90 пайыздан астамына қол жеткізудің негізгі факторы саналады. Бұл бүгін талқыланып отырған мәселе мен басқа да орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу жолындағы жұмыстың тығыз байланысты екенін айқын көрсетеді», — делі Сенат Төрағасы.

Осыған байланысты кездесуге қатысушылар негізгі бағыттар бойынша жобаларды бірлесіп іске асыруға қатысты пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын айтты. Сондай-ақ іс-шарада облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының қала құрылысы, көлік инфрақұрылымын жоспарлау, сәулет-құрылыс қызметі саласындағы өкілеттіктерін кеңейтетін «Агломерацияларды дамыту туралы» заңның нормалары және Қазақстан Республикасының 2025-2030 жылдарға арналған өңірлік саясат тұжырымдамасының басымдықтары талқыланды.

Қалалардағы инфрақұрылымдық проблемалардың ұқсастығы және олардың жүйелі сипатымен қатар, өңірлерде

базалық инфрақұрылыммен біркелкі қамтамасыз етілмеу мәселесі де өзекті екенін атап өткен жөн. Мәулен Әшімбаев бұл түйткілдерді шешу коммуналдық, энергетикалық, жол және цифрлық инфрақұрылымды жаңғыртуды, әлеуметтік инфрақұрылымның, ең алдымен, ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға қолжетімділігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ өңірлердің экологиялық орнықтылығын арттыруды талап ететініне назар аударды.

«Коммуналдық және энергетикалық инфрақұрылымды жаңғыртып, дамыту бірінші кезектегі міндет екені сөзсіз. Электрмен жабдықтау, су бұру және жылумен қамтамасыз ету желілерінің әбден тозу көрсеткішінің 50 пайыздан асуы проблеманың қан-

шалықты күрделі екенін көрсетеді. Жол инфрақұрылымы да дабыл қағарлық жағдайда. Қалалық жолдардың үштен бірінің және ауылдық жолдардың шамамен 40 пайызының жағдайы көңіл көншітпейді. Сонымен қатар қалалар мен елді мекендерді дамыту жолындағы маңызды мәселелердің бірі цифрлық инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз ету және өңірлердің экологиялық әл-ауқатын арттыру екені анық. Жалпы, қалалар мен елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту үшін орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, сондай-ақ қоғамдық институттардың жүйелі назары мен үйлесімді жұмысы қажет», — деп, Мәулен Әшімбаев алдағы бірлескен жұмыс барысында іс-шара кезінде айтылған ұсыныстар мен бастамалардың маңызы зор екенін тілге тиек етті.

Комиссия отырысында моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне, халық санына және басқа да факторларға байланысты жаңғыртудың сараланған шараларына ерекше мән берілді. Премьер-Министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин атап өткендей, Соңраң қаласы индустриялық аймақтарды құрудың озық үлгісін көрсетіп берді. Қалада аталған аймақ құрылған сәттен бастап өнеркәсіп өндірісінің көлемі 4,6 есеге, салық аударымдары 5 есеге артып, 2 000-нан астам жұмыс орны ашылған. Сондай-ақ ол жана әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандарын салу қажеттілігі салалық мемлекеттік органдар белгілеген желі нормативтері мен стандарттар негізінде есептелетінін айтты.

Парламенттік комиссияның отырысына әкімдіктердің басшылығы, өңірлердегі мәслихаттардың депутаттары, Сенат жанындағы Сарапшылар клубының мүшелері, сондай-ақ қоғамдық және халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

БАҒДАР

3 МАУСЫМ 2025 | СЕЙСЕНБІ



ТЕҢ МҮМКІНДІК –
ТИІМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Кеше Мәжілісте палата вице-спикері Дания Еспаеваның төрағалығымен Үкімет сағаты өтті. Онда жалпы трансферттерді анықтаудың жаңа тәсілдері талқыланды. Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин бюджетаралық қатынастар жүйесін жетілдіру туралы баяндады.

Отырысқа депутаттармен қатар Жоғары аудиторлық палата мүшелері, салалық министрліктердің вице-министрлері, облыс және республикалық маңызы бар қала әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

Жиынды ашқан Дания Еспаев Үкіметтің жалпы сипаттағы трансферттерді, яғни республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге жіберілетін субвенцияларды айқындаудың жаңа әдістемесін әзірлеп жатқанын хабарлады. Елімізде Атырау облысы, Астана мен Алматы қалалары донор деп танылған. Қалған он жеті өңір – субвенциялық, олар өз шығыстарын өтеу үшін республикалық бюджеттен жалпы сипаттағы трансферттердің еләуір көлемін алады.

– Аталған үш донор өңірден республикалық бюджетке 2024 жылы 470 млрд теңге түсті, ал республикалық бюджеттен аймақтарға субвенциялар түрінде 5,3 триллионнан астам теңге бөлінді. Айырмашылықты өздеріңіз көріп отырсыздар. Іс жүзінде барлық өңір республикалық бюджет есебінде деуге болады. Осы жерде айту керек, жергілікті бюджеттердің кірістері соңғы 6 жылда 3 есеге өскеніне қарамастан, республикадан өңірлерге берілетін субвенциялар көлемі де артып отыр. Мысалы, егер 2014 жылы субвенциялар көлемі 978 млрд теңгені құраса, 2024 жылы 5,3 трлн теңгеге жеткен. Яғни, 10 жыл ішінде 5 еседен асқан, – деді вице-спикер.

Оның айтуынша, республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері болса да, өңірлерді инфрақұрылым және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету деңгейі әртүрлі болып отыр. Бүгінде өңірлер арасындағы жан басына шаққандағы ішкі өнім алшақтығы 10 еседен асды.

Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин бюджетаралық трансферттердің негізгі міндеттері өңірлердің бюджетпен қамтамасыз етілуін теңестіру, базалық инфрақұрылымға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, алшақтықты болдырмау екенін айтты.

– Соңғы бірнеше жыл бюджет үшін дағдарыс жылдары болғанына қарамастан, 2020 жылдан бері коронавирустық инфекция пандемиясы, геосаяси дағдарыс және Еуразиялық экономикалық одақтын жекелеген елдеріне қатысты санкциялар енгізуі бюджет кірістеріне айтарлықтай әсер етті. Дегенмен жергілікті бюджеттер кірісінің өсуі байқалады. Дағдарыс кезінде халыққа және бизнеске бюджет саласы

жұмыскерлерінің жалақысын ұлғайту, біржолғы жәрдемақыларды төлеу, ШОБ тексеруге мораторий және басқа да шаралар арқылы қолдау көрсетілді, – деді С.Жұманғарин.

Оның ақпаратынша, 2026 жылдан бастап жана бюджет коллексында жыл сайын қосымша 100 млрд теңгеден астам кіріс көзделген. Сол жылдан бастап тұрақты кірістің шамамен 40 пайызы жергілікті бюджетке жиналады. Жергілікті бюджеттер базасына бұрынғы нысаналы даму трансферттері және қазіргі трансферттер есебінен қаржыландырылған республикалық бюджеттің шығыс бағыттары енгізілетін болады. Бұл – сумен жабдықтау және су бұру объектілері, инженерлік-коммуникациялық және көлік инфрақұрылымы және басқалар.

Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы Татьяна Савельева қосымша баяндамасында жалпы трансферттерді анықтаудың жаңа әдістемесінде Мемлекет басшысының әлеуметтік бағытты күшейту, қамтамасыз етуде теңестіру элементтерін енгізу, аудан деңгейіне дейін қамтуды кеңейту жөніндегі тапсырмалары ескерілгенін жеткізді. Бұл қолға алынған он қадамдар, дегенмен бірқатар міндет әлі толық шешілген жоқ.

Комитет төрайымы кірістердің артығымен орындалуы мен 850 миллиард теңгеден астам қалдық қалуын негізгі проблемалардың бірі деп атап өтті. Бұл бюджеттік шешімдер мен ұзақмерзімді даму басымдықтары арасындағы байланыстың әлсіздігін көрсетеді. Сондықтан ол шығындарды қауіпсіздік карталары мен цифрлық платформаға байланыстыру, қалдық және игерілмеген қорлар туралы есеп беру қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар депутаттың айтуынша, әдістеме жалпы трансферттерді есептеу кезінде өңірлердің нақты кіріс әлеуетін ескермейді. Аудандар мен облыстар арасындағы бюджет теңгерімсіздігі қаупі де бар.

– Жалпы, трансферттерді есептеудің жаңа әдістемесін енгізудегі басты мәселелердің бірі – есептеулер негізделетін сенімді статистикалық базаның жоқтығы. Ресми және ведомстволық статистика біріктірілмеген және жиі бір-біріне қайшы келеді. Негізделген трансферттердің қалыптасуына шындыққа жанаспайтын статистикалық мәліметтер тікелей кедергі келтіреді. Үкімет сағатына дайындық барысында бұл мәселе Жоғары аудиторлық палатамен бөлек талқыланды. Комитет статистикалық

деректер қорын қалыптастыру әдістемелерін қайта қарау, сондай-ақ қарапайым есеп беру статистикасынан цифрлық құралдар мен деректерді басқарудың заманауи тәсілдеріне негізделген аналитикаға көшу қажеттігі туралы Жоғары аудиторлық палатаның ұсынысын толығымен қолдайды, – деді Т.Савельева.

Осыған байланысты, депутаттың пікірінше, ұсынымдарға Ұлттық статистика бюросына аудит жүргізу туралы ұсынысты енгізу орынды. Қазіргі экономикалық жағдайды есептеу әдістерінің сәйкестігі тұрғысынан ғана емес, бюроньң мемлекеттік саясаттың түпкілікті әсерлерін бағалай отырып, бюджетті жоспарлау және аумақтық сәйкестендіру қажеттіліктерін қанағаттандыратын кеңейтілген аналитикалық функцияға көшуге дайындығы да маңызды.

Жинға Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жәналинов пен Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Жәнібек Нөпіров те қатысты. Олар өңірлердегі түйткілді мәселелер мен олардың шешімі, сондай-ақ жаңа Бюджет кодексінің нормалары қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы мәлімет берді.

Баяндамашылардың тыңдаған соң депутаттар тақырыпқа қатысты нақтылау сұрақтарын қойды. Оның ішінде өңірлердің республикалық бюджетке тәуелділігінің артуы, қаржы бөлу кезінде өңірлердегі инфрақұрылымның тозу деңгейін ескеру, қаржыландырудағы диспропорцияның себептері, трансферттерді орталықсыздандыру және өз өңірлерінің дамуына толық жауапкершілікті әкімдерге беру, өңірлердің цифрлық картасын бюджеттік жоспарлау жүйесіне енгізу және басқалар бар.

Отырысты қорытындылай келе Дания Еспаева субвенцияларды есептеу үшін қолданылатын өңірлік шығыстар болжамын айқындау әдістемесі өңірлердің борыштық міндеттемелерді орындауға жұмсалған шығындарын ескеруге тиіс екенін айтты.

– Бірқатар салықты аудан деңгейіне көшіргеннен кейін облыс пен аудандар арасындағы кірістер мен шығыстардың бұрмаланғанын бүгін цифрлардан көріп отырмыз. Бұл мәселе, әсіресе білім саласына қатысты. Шығындар мен салықтарды қайта бөлу арқылы бұл жағдайды тез арада түзету қажет екені анық, – деді вице-спикер.

Бұдан соң Мәжіліс Ұлттық экономика министрлігіне өңірдің салықтық әлеуетінің коэффициентін енгізуді ескере отырып, жалпы трансферттерді анықтау әдістемесін нақтылауды, сондай-ақ жалпы трансферттерді есептеу кезінде бюджетті қайта қарау қорытындыларын қолдану тәртібін біріктіруді және трансферттерді әзірлеудің кезең-кезеңімен бөлу формуласын енгізуді ұсынды.

Мейір ЖАСЫН

ӘКЕ ЕҢБЕГІ –
БАЛА МАҚТАНЫШЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылы «AMANAT» партиясы ата-аналары құрылыста, коммуналдық салада, өндірісте және өзге де маңызды салаларда еңбек ететін балаларға арнап мерекелік іс-шара ұйымдастырды. Астанадағы ойын-сауық орталықтарының бірінде «Жастар Рухы» жастар қанаты жұмысшы отбасылардан шыққан балалардың басын қосты.



Мұндағы мақсат – балаларды әртүрлі ойын арқылы жұмысшы мамандықтарымен таныстыру және қоғамның әділ әрі тұрақты негізі ретінде адал еңбекке құрметпен қарай білуге үйрету. Жалпы, Халықаралық балаларды қорғау күніне орай партияластар ел аумағында 23 мыңнан астам балаға арнап 300-ден астам мерекелік іс-шара өткізді.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек балаларға қамқорлық жасау мемлекет саясатының басым бағыты екенін және партия осы саладағы бастамаларға белсенді қолдау көрсететінін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі әрбір жеткіншек мейірім мен қамқорлыққа бөленіп, үлкеннің қолдауын сезінуі, ертеңгі күнге сеніммен қарауы керек екенін әрдайым айтып келеді. Балаларға қамқорлық жасау – «AMANAT» партиясы атқаратын ауқымды жұмыстың негізгі әрі ажырамас бөлігі. Ана мен балаға лайықты қамқорлық, дамыған әлеуметтік инфрақұрылым, қолжетімді баспана – отбасы әл-ауқаты мен демографиялық өсімін ең маңызды әрі міндетті шарты. Атап айтқанда, Мәжілістегі партия фракциясының күш салуымен Мемлекет басшысының «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы жүзеге асырылды, «Келешек» бірінғай ерікті жинақтау жүйесі әзірленді, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қосымша нормалар қабылданды, жетім балаларды қорғау тетіктері күшейтілді. Бұл – соңғы уақытта жасалған ауқымды жұмыстың бір бөлігі ғана», – деді ол.

«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерованың айтуынша, балалар жұмысшы мамандықтарымен әртүрлі ойын арқылы танысады. Осылайша, балалардың тың дүниені тануға деген қызығушылығы оянады.

«Ойын арқылы балалар білім мен дағдыны бойға әлдеқайда жақсы сіңіреді. Білім беру барысы барынша қызықты әрі тартымды болуы керек. Жұмысшы мамандықтары жылы аясында біз тек мектеп бітірушілермен және студенттермен ғана емес, сонымен қатар оқушылармен, әсіресе бастауыш сыныпта білім алатын балақайлармен жұмыс істеуге ұмтыламыз. Балалар әлемге деген кірішкіз көзқарасы арқылы өздерін түрлі мамандық иесі ретінде елестете алады. Себебі асқақ армандардың алғашқы іргетасы осы бала кезде қаланады. Ересектердің міндеті

– бала қиялын дұрыс арнаға бағыттап, ұлқыларға таңдау мүмкіндігін беру. Осылайша, ойын арқылы біз балалардың бойында жұмысшы мамандықтарға және еңбек адамына деген құрметті қалыптастыра аламыз», – деді ол.

Екі баланың әкесі, «Астана-Энергия» АҚ-ның машинисі Ержан Умралинов өмірде баладан маңызды ештеңе жоқ екенін атап өтті.

«Ұлым – мектеп оқушысы, ал қызым биыл балабақшаны тәмамдап, күзде 1-сыныпқа барады. Балалар белсенді түрде білім алатын, дәстүрлі құндылықтарды бойға сіңіретін кезең – осы уақыт. Бүгін балалар жұмысшы мамандықтары туралы тек естіп қана қоймай, жігі түсінді деген ойдамын. Осы іс-шараны ұйымдастырушыларға айрықша алғыс айтамын. Балалар бақытты болса – біз, ата-аналар да бақыттымыз», – деді ол.

Мерекелік іс-шараға қатысқан 3-сынып оқушысы Ернұр Сәтмұхамбетов алған әсерімен бөлісті:

«Ойғанан ойындарымыз маған өте қатты ұнады. Әкемнің атқарып жатқан жұмысы аса маңызды екенін түсіндім. Ол барлық жерде жарық жанып тұруы үшін жұмыс істейді. Егер әкем болмаса, айнала қараңғы болар еді, теледидар да, компьютер де жұмыс істемес еді. Мен де өскенде пайдалы іспен айналысқым келеді», – деді ол.

«Жастар Рухы» жастар қанаты Халықаралық балаларды қорғау күніне орай дәстүрлі іс-шаралар ұйымдастырып, жұмысшы мамандықтарының ел өмірінде алар орнына, маңызына назар аударды. Биылғы мереке ата-аналары өндірістерде, ТКШ, медицина, білім беру және өзге де негізгі салаларда еңбек ететін отбасылардан шыққан балаларды біріктірді. «Жастар Рухының» белсенділері балаларға аниматорлардың қатысуымен мерекелік концерт ұйымдастырып, сыйлықтар мен тәтті тағамдар таратты.

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай партияластар «Бақытты отбасы» жобасы аясында ел аумағында 23 мыңнан астам балаға арнап 300-ден астам мерекелік іс-шара өткізді. Еліміздің 20 өңірінде турнирлер, экскурсиялар, анимациялық қойылымдар, қайырымдылық акциялар өткізілді. Партияластар жетімдер үйіндегі балаларға барып, мерекелік көңіл күй сыйлады. Бұл – соңғы уақытта жасалған ауқымды жұмыстың бір бөлігі ғана.



Астанада «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты мен Қытай Халықтық саяси консультативтік кеңесінің Гонконг Жастар қауымдастығы (НКСРРССҰА) арасында өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қою рәсімі өтті. Құжатқа «Жастар Рухының» төрағасы Акерке Искандерова мен НКСРРССҰА төрағасы Уильям Шум қол қойды.

ДОСТЫҚ КӨПІРІ

Меморандумға қол қою Қазақстан мен Гонконг жастары арасындағы әріптестікті дамытудың маңызды қадамы болды. Бұл құжат екі ел жастары арасындағы диалогты, мәдени байланыстарды және бірлескен бастамаларды дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ашты. Құжат тараптардың жастар арасындағы өзара түсіністікті арттыруға және ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған.

Рәсім барысында жастар – елдің тұрақты даму жолындағы ең маңызды күш екені айтылды. Екі елдің ынтымақтастығын нығайтып, өзгерістерге жол ашатын да дәл осы жастар екені атап өтілді. Тараптар гуманитарлық, білім беру, мәдени және іскерлік бағыттардағы ынтымақтастық жастардың қасиеті дамуына ғана емес, сонымен қатар Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара түсіністіктің артуына да ықпал ететініне сенім білдірді.

«Қол қойылған Меморандум аясында бірнеше бағытта ынтымақтастық көзделіп отыр. Оның аясында екі елдің жастары бір-бірінің мәдениетімен, дәстүрімен танысып, ұйымдарымыздың әлеуетін ашу, түрлі салада тәжірибе алмасу жоспарланған. Гонконг

Жастар қауымдастығы «Жастар Рухының» тағы бір халықаралық серіктесіне айналды. Айта кетейік, «Жастар Рухы» Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен Ислам ынтымақтастығы ұйымының Жастар кеңесіне ресми мүше болып табылады», – деді «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Искандерова.

Меморандумға сәйкес, тараптар жастар саясатын дамытуға, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды насихаттауға, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға, туризм мен цифрлық технологияларды ілгерілетуге бағытталған бірқатар бастаманы жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

«Біз қазақстандық серіктестерімізбен ынтымақтастықпен келешегіне үлкен іміспен қараймыз. Астана мен Гонконгты мыңдаған шақырым бөліп тұрғанымен, ашық диалог арқылы елдеріміздің жастары бір-біріне жақындай түсетіні анық. Бұл қарым-қатынас берік әрі ұзақмерзімді достыққа ұласатынына

көміл сенемін. Мен үшін Меморандумға қол қою – ең алдымен, жастар саясатын дамытуға қатысты көзқарас алмасудың мүмкіндігі. Мұндай байланыс мемлекеттеріміздің жас буынының ортақ ілгерілеуінің негізіне айналады деп сенемін», – деді рәсім барысында НКСРРССҰА төрағасы Уильям Шум.

«Жастар Рухының» бұл бастамасы Қытай Халық Республикасымен стратегиялық әріптестікті дамытуға бағытталған «AMANAT» партиясының жүйелі жұмысының жалғасы саналады. Еске салайық, былтыр ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстан Республикасына жасаған мемлекеттік сапары аясында «AMANAT» партиясы мен Қытай Коммунистік партиясы арасында өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын. Аталған құжат партияаралық байланысты нығайтуға, елдер арасындағы достық әрі тату көршілік қарым-қатынасты дамытуға және жан-жақты стратегиялық әріптестікті кеңейтуге бағытталған.

Дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

3 МАУСЫМ 2025 | СЕЙСЕНБІ

Биылғы экономикалық ірі іс-шараның бірі – Астана халықаралық форумында Президент цифрлық трансформациялау мәселесіне айрықша тоқталды. Мемлекет алдына Қазақстанды «Еуразиядағы жетекші ІТ хабқа айналдыру» туралы стратегиялық мақсат қойды. Жалпы, бұл сала елде қаншалықты дамыды? Сарапшылар айтуынша, елде әлі күнге Data-орталықтар жетіспейді, кабелді интернет өз мүмкіндігінің шегіне жетті. Осы және басқа мәселені шешпей, ахуалды түзетпей, цифрлық түрлену болмасы даусыз.

ЦИФРЛЫҚ ТҮРЛЕНУ – ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ

Айхан ШӘРІП

AIF пленарлық сессиясында сөз сөйлеген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру – болашақ Қазақстанды құратын жана ұрпақтың қалыптасуына серпін беретінін білдірді. Себебі осы арқылы мемлекет адам капиталына инвестиция салады, цифрлы болашақты басқара алатын жас мамандар формациясының қалыптасуына жағдай жасайды. Бұл тұрғыда қай ел артта қалса, сол ел мемлекеттілігін жойып, өзгеге бодан болады, не өркеніетті өркендеу көшінің жиегіне шығып қалады.

—Сол себепті цифрлық технология мен жасанды интелектіен бастап жасыл энергетика мен қосымша құны жоғары өндіріске дейінгі негізгі секторлардағы әлеуетімізді күшейте береміз! Біз цифрлық трансформацияда елеулі табысқа қол жеткіздік. Мақсатымыз — Еуразиядағы жетекші ІТ хабқа айналу! Әсіресе, ЖІ дамытуға айрықша мән беріп отырмыз. Бірқатар шетелдік университеттің филиалы бар, зерттеу-әзірлеу саласындағы серіктестік жолға қойылған академиялық, инновациялық хабқа айналымыз келеді, — деп міндет қойды Қ.Тоқаев.

Президент Қазақстанның өз тарихындағы ең қуатты суперкомпьютерді іске қосуға кіріскенін жариялады. Бұл жұмыс басталып кетті. Бұдан бөлек, SurtioCity жаңа пилоттық жобасын жүзеге асыру жоспарланып отырғанын мәлімдеді. Мұнда криптовалютамын азық-түлік сатып алуға, қызмет төлеміне және басқа мақсаттарда пайдалануға рұқсат етіледі. Басқаша айтқанда, Қазақстанда ұлттық валюта — тенге сыртында тағы бір қосымша акша бірлігі, төлем құралы пайда болмақ.

Цифрландыру — кез келген заманауи мемлекет пен экономиканың шешуші элементі. Цифрлық даму — жай үрдіс-тренд емес, стратегиялық басымдық. Экономиканың орнықтылығы, ұлттың бәсекеге қабілеттілігі, адам өмірінің сапасы, тіпті елдің болашағы тікелей соған байланысты.

Мысалы, өткен аптада Жапония интернеттің ұшықырлығы бойынша әлемдік рекорд орнатты. Зерттеушілер 1 808 шақырымдық кабелімен 1 миллион гигабайт (1,02 петабит) деректі 1-ақ секундта жеткізді! Басқаша айтқанда, барлық тілдегі бүкіл Уикипедияға, 4К форматтағы 10 мыңнан аса фильмнің салмағына тең аппаратты жалғыз секундта бере салды. Бұл керемет жоғары жылдамдықтағы интернет инфрақұрылымын құруда бұрын адамзат армандай да алмаған жана өрістер ашуға тиіс.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ ҚАНДАЙ?

Interesting Engineering жасанды интелектінің жаңа дәуірінің жана

құралдары жасалып жатыр деп бағалады: ЖІ, сондай-ақ 6G мен VR-технологиялар аркасында интернет традигінің ауқымы аспанға шырқайтын болады. Айталық, бұған дейін кеңжолакты интернеттің әлеуетінің шектеулілігі кесірінен телемедицинаның дамуы шектеліп келді. Осы олқылықты білгендіктен, хирургтердің көбі телемедицина көмегімен қашықтан күрделі операцияға басшылық жасамақ түгіл қатысуға бейілді болмады. Жай ғана кеңес берумен тоқтайтын. Ал жана жағдайда интернет арқылы дерек беру ұшықырлығы еселеп артса, дамыған елдердің біріндегі дәрігер VR-технология көмегімен Қазақстанда өзі ота жасай алуы мүмкін.

Республикада цифрландыру ел өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі бірінші вице-министрі Қаныш Төлеушиннің айтуынша, бүгінде мемлекеттік қызметтердің 92%-ы онлайн қолжетімді. Оның 90%-ы смартфон арқылы мобильді форматта көрсетіледі. Яғни, елге бұрынғыдай үйінде компьютер ұстаудың, интернет-клубқа жиі жүгірудің қажеті болмай қалды. Цифрлық құжаттамаларды азаматтар 2024 жылы 292 миллион рет алған! Елестетіп көріңізші: оның бәрі қағаз күйінде берілгенде, құжаттан тау тұрғызылып, ол үшін қаншама орман оталатын еді.

Қазақстанда туу және мектепке қабылдау құжаттарын рәсімдеу сияқты қызметтер проактивті, яғни тұтынушы жүгінбей жатып, алдын ала ұсынылады. Ол бюрократиялық келергіні жойды. Ал «Әлеуметтік әмиян» әлеуметтік осал санаттарға берілетін жеңілдіктерді айқын етті. Оның ішінде мектептерде берілетін 5 миллион түскі ас, диспансерлік есепте тұрған сырқаттар алатын 6,5 миллион дәрі-дәрмек рецепті бар.

Цифрлық даму министрлігі eGov mobile қосымшасындағы «Әлеуметтік әмиян» өзге игілігі сыртында, әлеуметтік аз қамтылған отбасыдан шыққан оқушыларға ыстық тамақты тікелей, атаулы ұсынуға мүмкіндік беретініне екпін түсірді. Жүйе мемлекеттік деректер негізінде өзі жұмыс істейді, қағаз өтініштерді қажет етпейді. Нәтижесінде, ата-аналар тиісті хабарламалардың бәрін eGov mobile арқылы телефонынан алады. Ал балалары мектеп асханасында QR-кодты сканерлеу немесе бет-жүзі, саусак танбасы сияқты биометриялық деректері арқылы тамақтанатын болады. 2025 жылғы қыркүйекте, яғни жана оқу жылында жоба бастауыш сынып оқушыларына жаппай қолданыла бастайтын көрінеді.

Қаныш Төлеушин жана өңір — Жетісу облысын мысалға келтірді. Онда биылғы 2025 жылдың бірінші тоқсанында ғана 127 428 мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның 28 924-і Connection Points бекеттері арқылы ұсынылған. Яғни, цифрландыру бірте-бірте шенеуніктерге деген сұранысты төмендетеді.

ҚОҒАМ



Цифрлық даму – жай үрдіс-тренд емес, стратегиялық басымдық. Экономиканың орнықтылығы, ұлттың бәсекеге қабілеттілігі, адам өмірінің сапасы, тіпті елдің болашағы тікелей соған байланысты.

— Облыстағы 315 мектептің барлығы интернет желісіне қосылды. Ауылдық елді мекендердің 95,4%-ына немесе 350 ауылдың 334-іне интернет жетті. Талдықорғанда 5G-дің 29 базалық стансасы жұмыс істейді. 2025 жылы 20 ауылды талшықты-оптикалық байланысқа қосу және 307 жана бейнебақылау камерасын орнату жоспарланған, — деді вице-министр. Интернет сапасын жақсарту үшін «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында облыстағы 158 ауыл оптикалық байланыспен, аз қоныстанған 15 ауыл спутниктік интернетпен қамтылмақ.

СУПЕРКОМПЬЮТЕР ҒАСЫРЫ ТУЫП КЕЛЕДІ

Цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев Президенттің тапсырмасына сәйкес, республикада ЖІ саласындағы бастамаларға ерекше назар аударылатынын мәлімдеді. Ол негізгі 3 бағыт бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын баянлады. Бұлар — институционалды даму, инфрақұрылым және адам капитал. Ведомство басшысы елде осы бағытқа жеке жауап беретін мемлекеттік орган — Жасанды интелектіні және креативті индустрияны дамыту комитеті құрылғанын қаперге салды.

Мұның сыртында ЖІ дамыту тұжырымдамасы бекітілді. Тиісті терминология, стандарттар және әдеп-этика нормалары әзірлену үстінде. Министр Қазақстанның инфрақұрылымы белсенді түрде дамытып жатқанын атап өтті: Кремний алқабында қазақстандық суперкомпьютерлік платформа іске қосылды, сондай-ақ жасанды интелекте арналған, жоғары өнімділікті AI-есептеулермен айналыса алатын NVIDIA H200 графикалық чиптеріне негізделген суперкомпьютер елге жеткізілді. Ол Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер болады. Президенттің Астана форумында айтқаны осы екен.

Оның дерегіне, Қазақстанда Alem.ai халықаралық ЖІ орталығы құрылады. Ол ұлттық AI-экзюксісінің дінгегіне айналмақ. Орталыққа қоғамдық кеңістік, Tomorrow School және TUMO Center сияқты білім беру бағдарламалары, стартаптарға арналған AI-кампус, R&D ғылыми-зерттеу зертханалары, мемлекеттік секторға арналған шешімдер әзірлеп, енгізетін GovTech кеңістігі — AI-Driven Government біріктіріледі.

Министр Ж.Мәдиевтің сендіруінше, ЖІ көмегінен ғылым мен технологияны

дамытса, Қазақстан цифрлық егемендікке, технологиялық дербестікке қол жеткізеді. Бұл үшін жергілікті таланттардың әлеует-мүмкіндіктерін толық ашуына қолдау көрсетіледі, жасанды интелект бойынша маңызды инновацияларын ілгерілетуге мүмкіндік беріледі. Бұдан бөлек, Қазақстанның ЖІ саласындағы технологиялық көшбасшылығын нығайтуға, мемлекет, бизнес пен инновациялық қауымдастық арасындағы орнықты экзюксіні дамытуға күш салынады.

ЖІ ДІНГЕГІ БЕКИДІ

Әйткенмен, осы айтылғанның көбі өршіл міндет, ірі жоспар, ізгі ниет қана. Олар толыққанды орындалса ғана Қазақстан өзгеден озады. Әзірге сарапшылардың айтуынша, саланы бұрыннан қордаланған проблемалар жиі-жиі тығырыққа тірейді. Мысалы, елімізде басқаны айтпағанда, Data-орталықтар, яғни серверлік және желілік жабдықтар орналасқан, елді интернетке тұрақты қосатын Деректерді өңдеу орталықтары (ДӨО) және олардың қуаттылықтары жетіспейді.

Төл дата-орталықтары бар отандық бұлтты провайдердің өкілі, бағдарлама әзірлеуші Ринат Малибаев Қазақстанда мұндай орталықтар мемлекеттік қолдауға зәру екенін айтады. Келесі жылы оларға демеу орнына қайта салық жүктемесі артақты тұрған көрінеді.

—Саланы мемлекет жан-жақты ынталандыруы қажет. Болашақ даму осында. Бізді «қуатты нормадан көп тұтынасындар» деп электрден ажыратып тастаған жағдай болды. Компания амалсыз кәсіпті дамытуда біраз үзіліс алып, төл энергия көздерін құрып, соған көшуге мәжбүрленді. ДӨО-лар электр энергиясын көп шығындайтын ірі тұтынушы. Криптовалюта майнингімен айналысады деп стансаларға тікелей қосылуға да енді рұқсат етпейді. Елде тариф көтеріліп жатыр, бұл да бизнестің рентабельділігін біршама төмендетті, — деді Ринат.

Энергетика министрлігі де елде энергия тапшылығы барын жасырмады. Сарапшының айтуынша, сондай-ақ бұл орталықтар сенімді байланыс арналарын қажет етеді. Мұның сыртында жана ДӨО-ларды салу үшін керек және әлемдік стандарттарға сәйкес келетін аяндар мен жер учаскелері жетіспейді, оларды алуға бизнес қиындаққа кезігеді. Соған қарамастан өңірлік дата-орталықтар нарығы тоқтаусыз өсе береді.

Қазір қазақстандық ДӨО-лар Өзбекстанға, Ресейге, Қырғыз Республикасына және Тәжікстанға төл бұлтты тұғырнамалары базасында қызмет көрсетеді, аппараттық қауіпсіздік мониторингі, бағдарламалық қамтылым, веб-хостингтің барлық түрі, IT-инфрақұрылымды бірыңғай басқару, техникалық қолдау сияқты сан алуан сервис ұсынады. ICANN аккредиттеуінен өткен Орталық Азияның тұңғыш әрі ірі домендік регистраторлары да Қазақстанда орналасқан.

Мамандардың пайымдауынша, елде деректерді жинау, алмасу мен сақтаудың заманауи әрі берік қорғалған жүйесі болса ғана Президент айтқан цифрлық трансформация, цифрлық түрлену мүмкін болады. Сондықтан деректер орталықтарын құқықтық реттеу және ел аумағында бұлтты технологияларды қолдану тәртібін ретке келтіру талап етіледі.

Цифрлық даму министрлігі Мемлекет басшысының сайлауды бағдарламасына, Жолдауларына және жуырда берген тапсырмаларына сәйкес Қазақстанды өңірлік цифрлық хабқа айналдыру іс-шараларының кешені іске асырылып жатқанын хабарлады. Оған қуатты ДӨО-лар салу, Қаспий түбіне және құрлықта байланыс пен интернеттің трансшекаралық талшықты-оптикалық магистралдарын төсеу және ірі халықаралық IT-компанияларды елге тарту, сол үшін заңнаманы өзектілендіру кіреді.

Мысалы, биыл Қазақстанда Орталық Азиядағы ең ірі, гипермасштабты дата-орталықтың құрылысы басталды. Сингапурлық GK Hyperscale Ltd компаниясы қолға алған бұл жоба 1,4 миллиард доллар тұрады. Инвестормен арадағы келісімді бекіткен қаулыға Үкімет басшысы 2025 жылғы 18 наурызда қол қойды.

Одан бұрын, 2025 жылғы 6 ақпанда Цифрлық даму министрлігі Freedom Telecom Holding-пен меморандум бекітті. Құжат талшықты-оптикалық гипермагистраль салуды және онымен келетін халықаралық интернет және байланыс трафигін сақтап, транзиттеу үшін Tier-III деңгейінен төмен емес ДӨО-ларды тұрғызуды қарастырады. Әзірге бұл істе Қазақстан Ресейге тәуелді: жалаңдық желі РФ-тан келетіндіктен, ол өзіне жақпайтын шетелдік ресурстарды бұғаттағанда, кесірі Қазақстанға да тиелі. Жана жобалар еліміздің бұл саладағы тәуелсіздігін нығайтуға тиіс.

iKS-Consulting зерттеуінде көрсетілгендей, 2024 жылы Қазақстандағы ДӨО-ларда жалпы саны 3 775 тұғыр болған, бұл 2023 жылғыдан 9% көп. Сала орнықты өсімді паш етеді, бірақ нағыз өсімнің «көкесі» биыл және келесі жылы күтіледі. Бұған ірі жобалардың іске қосылуы серпін беруге тиіс. Заманауи деректер орталықтарының бой көтеруі — еліміздің цифрлық инфрақұрылымын дамытудың маңызды элементі. Бұл орталықтар интернеттің тұрақты жұмысын, деректерді сақтаудың жоғары деңгейдегі сенімділігін және қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

iKS-Consulting бағалауынша, салада «Қазақтелеком» үстемдік етеді, ДӨО-лардағы барлық тұғырдың 44,8%-ы немесе 1 552-сі соның иелігінде. Тағы бір алпауыт — Транстелеком: оның еншісіне 24,6%-ы немесе 851-і тиесілі. Үштіктив квазимемлекеттік компания — «Ұлттық ақпараттық технологиялар» тұйықталды: 8,1%-ын немесе 233 тұғырды қанжығалады. Өзгесі — тәуелсіз ойыншылардың меншігінде. Министрлік жоспарынша, 2025 жылы нарықтың ауқымы екі есе ұлғаяды.

Сарапшылар бүгінде Қазақстан цифрлық трансформациялану ісінде технологиялық және инфрақұрылымдық секіріс алдында тұрғанын айтады. Мысалы, 2030 жылға қарай деректер орталықтарындағы тұғырлар саны 10 мыңнан асады деп болжанды. Бұл бағытта Қазақстан тек Орталық Азияның емес, ТМД кеңістігінің алпауытына айналуы мүмкін. Бұл тұғырлар жасанды интелектінің дінгегі саналады. Республика 6G буынындағы уақыл байланыстың жана технологияларын енгізе алады. Онда аймақтық державаға айналары сөзсіз. Бірақ оған дейін көп іс тындырып, бұрыннан қордаланған мәселелерді шешуі қажет.



Қарағандыда 2017 жылдан бері «Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды иппотерапия арқылы сауықтыру мен оңалту» әлеуметтік жобасы іске асырылып жатыр. Бұл игілікті шара өз жемісін де бере бастады.

ИППОТЕРАПИЯНЫҢ ИГІЛІГІН КӨРҮДЕ

АӘдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Жақында алғаш рет Паралимпиада ойындары мен арнайы Олимпиада бағдарламасы аясында ат спорты бойынша Қарағанды облысы әкімінің ашық кубогы өтті. TURAN-EL спорт орталығының алаңында өткен жарыста тірек-қимыл аппараты және ойлау қабілетінде кінәрат бар 30-ға жуық шабандоз бақ сынасты. Оған Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарынан, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларынан спортшылар қатысты.

Бейімделген ат спортын дамыту Шығыс Қазақстан облысында басталды. Бұл қозғалысқа Қарағанды облысы да қосылды. Жарыс халықаралық стандарттар бойынша ұйымдастырылып, қатысушыларға қауіпсіз және жайлы жағдай жасалды. Спортшылар паралимпиадалық ат жарысының элементтерін көрсетті.



Арнайы Олимпиада бағдарламасының шабандоздары үшін бейімделген маршруттар әзірленді.

Өскеменнен келген қонақ Юлия Яковлева иппотерапияның пайдасын

атап өтті. Ол «Ақ Тай» мүмкіндігі шектеулі балаларға қолдау көрсету қорында жұмыс істейді. Ат спорты шабандоздардың диагнозына қарамастан мүмкіндіктері шексіз екенін көрсетеді. Жылқымен

барлық бұлшық еттердің белсенді жұмыс істеуіне ықпал етеді.

— Ат үстінде отырған адамның барлық бұлшық еті қозғалыс болады. Тепе-теңдікті сақтау үшін салт мінген адам бойын жинауға, өзінің әрбір дене қимылын игеруге жаттығады. Ал ерекше балаларға ең керегі де осы. Жаттығу. Бір сөзбен айтқанда, жылқы — табиғи тренажер, — дейді Юлия Яковлева.

Айта кету керек, Қарағанды облысында иппотерапия сабақтары тегін, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша өткізіледі.

— Біз тұрақты түрде иппотерапиямен айналысатын спортшыларды тандадық. Бұл турнирде бес шабандоз біздің облысымыздың намысын қорғады. Нәтижесінде, көшбасшылар арасында біздің спортшыларымыз бар екеніне қуаныштымыз, — дейді Қарағанды облысының иппотерапия жөніндегі нұсқаушысы және командалық жаттықтырушысы Амина Есина.

Жеңімпаздардың ұлттық құрамаға кіруге және одан әрі халықаралық жарыстарға қатысуға мүмкіндігі бар.

Иппотерапия жобасы облыс бойынша дами түспек. Алдағы күндері Теміртауда жылқымен өтетін сабақтар этноауыл базасында басталады, Балқаш пен Қарағандыда да осындай жобаларды іске қосу жоспарланған.

АЛАҢ

3 МАУСЫМ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ЖИ технологияларының үздіксіз әрі тез дамуы және оның мүмкіндіктері шектеусіз екені кейбір жағдайда алаңдаушылық тудырады. Бірнеше жыл бұрын қиял-жағайып болып көрінетін дүниелер қазір шыныдққа айналып келеді. Кейінгі кездері «дүниеге келген» адам секілді жасанды интеллект үлгілері батыл гипотезаның мүмкін екенін мойындатып отыр. Бірақ ЖИ чат-боттарын шындық машиналары деп қабылдау — үлкен қателіктерге ұрындыруы әрі қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан Еуропа қауіпті ЖИ жүйелеріне тыйым салып жатыр. АҚШ адам қадірін сақтау туралы талап қойса, Қытай deepfake пен ұсыныс алгоритмдерін қатаң реттеп отыр.

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ҚАҒИДАТЫ САҚТАЛУҒА ТИІС

— Дайындалып жатқан «Жасанды интеллект туралы» заң жобасында мұғалімдер мен оқушылардың ЖИ-ді қалай немесе не үшін пайдалануы керектігі туралы қандай нормалар бар? Сондай-ақ ЖИ-дің мектептерге енудегі пайдасы мен зиянының аражігін қалай ажыратуға болады?



Нұртай САБИЛЬЯНОВ, Мәжіліс депутаты:

— Қазіргі кезде Парламент Мәжілісінде «Жасанды интеллект туралы» заң жобасы жан-жақты талқылануда. Қоғамда талқыланып жатқан жасанды интеллектке қатысты сұрақтардың барлығы осы заң жобасының аясында қарастырылып, құқықтық тұрғыдан реттелуі көзделуде. Заң жобасында жасанды интеллектті әртүрлі салаларда, соның ішінде мемлекеттік органдарда қолдану ерекшеліктері қарастырылған. Осы тұрғыда жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу ерекше маңызға ие. Жасанды интеллектті білім беру ұйымдарына енгізудің негізгі мақсаты — білім сапасын арттыру, оқу процесін жетілдіру және оқушыларды заманауи технологияларға икемдеу. Жасанды интеллект әрбір оқушының қажеттілігіне бейімделген білім беру бағдарламаларын ұсынуға, жеке ұсыныстар беруге мүмкіндік береді. Мұғалімдерді кейбір әкімшілік және әдістемелік міндеттерден босатуға септігін тигізетін болады. Оқушылар жасанды интеллектті білім алудың, зерттеудің, шығармашылықпен айналысудың тиімді құралы ретінде пайдалануға тиіс және оның тек көмекші құрал екенін, ол адамның логикалық ойлауын алмастырмайтынын терең түсінуі қажет. Олар академиялық адалдық қағидаларын сақтау, жасанды интеллект көмегімен көшіруге жол бермеу және осы технологияны мектептің ішкі тәртібіне сай дұрыс пайдалану тұрғысынан жауапкершілікке ие болуға тиіс. Сонымен қатар оқушыларда цифрлық сауаттылық пен жасанды интеллект ұсынған ақпараттың мазмұны мен мақсатын түсініп, оны саналы түрде пайдалану мәдениетін қалыптастыру қажет.



Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА, Мәжіліс депутаты:

— Жасанды интеллект мектептерге әлі енебді. Енгізу үшін ең алдымен академиялық адалдық ережесі енгізіліп, жасанды интеллектті қашан қолданады, қалай қолданады, аражігін ажырату қажет. Жасанды интеллект — білім сапасын арттыру, оқушылардың жеке қабілеттеріне сай оқу траекториясын құру және оларды болашақтаң цифрлық дағдыларына бейімдеуде оқушылар үшін тек көмекші құрал, ойлау, талдау, іздену, шығармашылық қабілеттерін ұштауда да тек қана көмекші құрал. Оқушылар жасанды интеллектті саналы түрде, академиялық адалдық қағидаы негізінде пайдалануға тиіс. Бұл дегеніміз — академиялық адалдықты сақтау, барлық ақпарат көздеріне сыны көзқараспен қарау, өзіндік ойлау қабілетін төмендетпей, AI-ды тек көмекші құрал ретінде пайдалану. Сонымен қатар дербес деректердің қауіпсіздігін сақтау, этиканы сақтау оқушылардың жауапкершілігіне кіреді. Жасанды интеллект — заманауи құрал. Бірақ ол педагогті алмастырмақ емес. Керісінше, ұстаздың рөлі мен кәсібиілігіне жана серпін деп санаймын. Білім берудің өзегінде адам тұруға тиіс. Сондықтан қандай дамыған технология болмасын, басты шешім де, басты жауапкершілік те ұстазда. Халықаралық тәжірибе осыны дәлелдейді. Финляндия білім жүйесінде жасанды ин-

Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаттары қазіргі уақытта «Жасанды интеллект туралы» заң жобасын талқылап жатыр. Мамандар «Жасанды интеллект туралы» заң – ол жай құжат емес, адам құқығы мен технология арасындағы тепе-теңдікті табуға жасалған талпыныс, жеке адамдардың, жеке деректердің қауіпсіздігі және құпиялылығы мәселелері екенін ескертеді. Біз газетіміздің «Алаң» айдарында жасанды интеллекттің мектеп бағдарламасына ену мүмкіндіктерін талқылаған едік.

АҚЫЛДЫ МЕКТЕП: БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ КІМНІҢ ҚОЛЫНДА?



теллект оқу процесін жекелендіру мен саралауда пайдаланылады. Бірақ шешуші рөл — ұстазда: ол оқушының нақты жағдайын, психологиялық күйін, әлеуетін бағалай алады. Ал Жапонияда технология тек көмекші құрал ретінде қарастырылып, әрдайым педагогтің бақылауында болады. Ұстаз — тек білімді үйретуші ғана емес, тәрбиеші, бағыттаушы және шабыттандырушы тұлға. Германияда да оқыту барысында ЖИ қолданылса да, сабақ мазмұны мен формасын тандауда соңғы сөз — мұғалімде. Бұл елдерде жасанды интеллект — тек талдау, ұсыныс, автоматтандыру құралы. Ол балаға эмоциялық қолдау көрсете алмайды, оның талантын терең сезіне алмайды, тәрбиелік ықпал жасай алмайды. Ал бұл — тек мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты.

Жасанды интеллект — көмекші құрал, бірақ шешуші рөлде емес. Білім саласындағы шешуші рөл әрдайым Ұстазда. Оның кәсіби тандауы, жүрекпен оқытуы, шәкіртке деген шынайы ықыласы ешбір технологиямен алмастырылмайды. Жасанды интеллектті оқу процесіне қолданудың қатаң тәртібі — бұл білім беру жүйесінде ЖИ технологияларын пайдалану кезінде нақты ережелер мен бақылау механизмдерін білдіреді. Сонымен қатар балалардың жеке мәліметтері, оның ішінде биометриялық деректер де бар, ешбір жағдайда коммерциялық немесе өзге де рұқсат етілмеген мақсаттарда пайдаланылмауға тиіс. Бұл заң жобасында нақты қарастырылды. Осы нормалардың орындалуын арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар тұрақты түрде бақылап, қажет болған жағдайда тиісті шаралар қабылдайтын болады. Яғни, ЖИ қолдану тек технологиялық ілгерілеу емес, сонымен қатар этикалық жауапкершілік пен баланың мүддесін қорғау мәдениетінің бір бөлігіне айналуы шарт.



Ырысбек МӘУІТ, Республикалық математиктер бірлестігінің төрағасы, ZERDELІ ақыл-ой дамыту орталықтары мен мектептер жөнісінің негізін қалаушы:

— Өз басым бір жылт еткен жаналық шыға қалса, мектепке енгізейік дегенге қарсы адаммын. Бірақ жасанды интеллект дәуірі басталды. Сондықтан осыған байланысты заң әзірленуі өте маңызды әрі тиімді деп ойлаймын. Себебі қазіргі жасанды интеллекттің жаппай қолданылуы бір жағынан дұрыс пайдаланбаса, оқушылардың ойлау жүйесін, ойлау қабілетін белгілі бір дәрежеде шектеуі мүмкін. Сондықтан дұрыс пайдалануды мектепке енгізудегі басты мақсаттардың бірі деп санаймын. Әрине, барлық жана мүмкіндіктер білім сапасын арттыруға қызмет етуі керек. Оқушылардың жауапкершілігі мәселесіне келетін болсақ, мұнда академиялық адалдық принципі өте маңызды деп ойлаймын. Былайша айтқанда, қазір оқушылар арасында тапсырманы ЖИ-ден сұрай салатын, оның көмегіне сүйене салатын жағдайлар көбейіп кетті. Бұл оқушылардың жеке басының дамуына көптеген кедергілер келтіруі мүмкін. Сондықтан осыған қатты мән беру керек және жауапкершілік болуы керек. Сыны көзқарасын қарағанда ЖИ-дің жасап бергенінің бәрін дұрыс деп қарамай, оны талдай алу керек. Сонымен қоса, адамгершілік этиканы сақтау, біреудің мүддесіне қайшы, зиян келтіретін мақсатта пайдаланбау деген сияқты шарттар ескерілуі тиіс.

ЦИФРЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ БАСПАДАҒЫ — ОТАНДЫҚ ӨНІМ

— Мектептерге жасанды интеллектті енгізу бойынша қандай бағдарламалар әзірленуі керек деп ойлайсыз? Білім беру бағ-

дарламаларын, оқыту тәсілдерін әзірлеуде бірыңғай отандық жүйе қарастырылған ба?

Нұртай САБИЛЬЯНОВ: — Қазақстанда AI Movement бірыңғай ұлттық экожүйесі құрылуда. Оның басты мақсаты — азаматтарды жасанды интеллект дағдыларына оқыту, мектептерге біріздендірілген оқу бағдарламаларын енгізу, педагогтерді даярлау және отандық цифрлық платформаларды қолдану. Сонымен қатар деректерді талдау және ChatGPT бойынша онлайн-курстар қолжетімді. Аталған бастамалар ортақ әдістемелік негізге сүйенеді және отандық жобаларды дамытуда оң әсерін тигізеді. Бұл өз кезегінде жасанды интеллект технологияларын мектепке қауіпсіз әрі жүйелі түрде енгізуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллектті мектептерде этикалық тұрғыда пайдалану нақты нормативтік актілер мен стандарттар арқылы реттелуі қажет. Бұл жағын біз қазір қарастырамыз.

«Жасанды интеллект туралы» заң жобасы бойынша Парламент Мәжілісіндегі Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті бас комитет болып табылады. Қаралып жатқан заң жобасы шеңберінде жоғарыда аталған сұрақтар толығымен қарастырылып, тиісті нормативтік құқықтық актілерге енгізілетін болады. Ең алдымен, оқушылардың дербес деректерін қауіпсіздігі, қолданылатын алгоритмдердің ашықтығы қамтамасыз етілуге тиіс. Жасанды интеллект оқушылардың әділ бағалану, білімге тең қол жеткізу және ой еркіндігі құқығын бұзбауы керек. Мектеп ортасына енгізілетін барлық жасанды интеллект құралдары этикалық және құқықтық нормаларға сәйкестігі тұрғысынан алдын ала сараптамадан өтуі қажет. Жасанды интеллектпен байланысты заңбұзушылықтар орын алатын болса, тиісті шаралар қабылданып болады және оны қолдануда мұғалімдерге бірнеше маңызды міндеттер мен жауапкершіліктер жүктелуі мүмкін.

Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА: — Ең алдымен, отандық контекске бейімделген бірыңғай білім беру экожүйесін құру қажет. Бұл жүйеде AI құралдарын қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулықтар, цифрлық сауаттылықты арттыру бағдарламалары және мұғалімдерге арналған арнайы оқыту курстары қамтылуға тиіс. Сонымен бірге, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай түрлі деңгейде бағдарланған модульдер жасалып, ұлттық мазмұндағы ресурстармен толықтырылуы өзекті деп санаймын. Біз бүгінгі заң жобаларын әзірлеу кезінде халықаралық тәжірибені мұқият зерттеп, ескеріп жатымыз. Заң құжатында балаларды ЖИ-дің теріс ықпалынан қорғау шаралары қарастырылған. Атап айтқанда, білім беру өнімдерінде ЖИ-ді пайдалануға байланысты ашықтық талаптары енгізілді және барлық платформалар ЖИ технологиясының табиғаты мен оның жұмыс қағидадары туралы нақты ақпарат ұсынуға тиіс, сонымен бірге жұмыс топтарында оқытудың толық автоматтандырылуына жол бермеу туралы ұсыныстар да талқылануда. Бұл оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін сақтау үшін өте маңызды.

ЖИ жүйелерінің иелеріне қойылатын жана талаптар арқылы білім контентінің сапасын және оның мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін бақылауға мүмкіндік бар. Демек, трансформация жүріп жатқанда ең басты назарда — оқушының дамуы мен қауіпсіздігі болуға тиіс. Жасанды интеллектті білім беру процесіне енгізу барысында біз тек мүмкіндіктерді ғана емес, сонымен қатар оқушылардың құқықтарын қорғауға қатысты этикалық және құқықтық міндеттемелерді де ескеруіміз тиіс. Әсіресе, оқушылардың жеке деректерінің тарап кету қаупі бар. Осы қауіп-қатердің алдын алу үшін ЖИ негізіндегі білім беру платформаларына деректерді қорғаудың жоғары стандарттарын сақтау жөнінде нақты талаптар енгізілді. Яғни, барлық цифрлық шешімдер балалардың жеке өміріне қол сұқпау қағидаатын басшылыққа алуы тиіс.

Ырысбек МӘУІТ: — Нақты бағдарлама бекітілуі керек және ұлттық білім берудің ЖИ-ға байла-

нысты да цифрлық платформасы болуы керек деп ойлаймын. Сол платформада ең маңызды бастамалар, бағдарламалар және арнайы курстар топтастырылуы керек. Заманауи талаптарға сәйкес жасакталған платформада оқушының немесе мұғалімнің уақытын үнемдеуге, тез ақпарат алуға, мотивациялық тапсырмаларды орындауға арналған бағдарламалар қолжетімді болса, алған ақпаратты ары қарай әрбір қолданушы қажетіне қарай өзі жетілдіруіне мүмкіндіктер жасалса деген ұсынысым бар. Тағы бір ескеретін мәселе — адам дайынға, жеңілге жүгіре беруі мүмкін, шығармашылық ойлаудан төрі техникалық жақтарына кетіп қалуы мүмкін. Сондықтан мектепке ЖИ-ді пайдаланудың арнайы дәрiстерiн, сабақтарын кiргiзу керек. Пайдасы мен зиянын арнайы түсiндiру қажет. Арнайы практикалық зерттеу жұмыстары болуы керек деп ойлаймын. Заң жобасы қалай дайындалып жатқанынан және оқушыларды даярлауды қалай жүргiзгелi отырғанын нақты хабарым жоқ. Бірақ ең алдымен мұғалімдер өзі ЖИ құралдарын толық білуі керек және оны дұрыс бағытта пайдалану жағынан талап қойылуы керек. Мұғалім өзі дұрыс пайдалана алса, оқушыға үлгі бола алады.

ЖИ қазір мектепке де келіп жатыр, оқушылар оған бірден бейімделіп кетті. Ал көптеген мұғалімдер жас ерекшеліктеріне байланысты бейімделе алмай, қолдана алмай жатқан жағдайлар өте көп. Сондықтан мұғалімдердің ЖИ-ді игеруіне қатты мән беру керек, біліктілігін арттыру курстарынан өтуге мән беру керек. Білім саласының өзінде көптеген біліктілікті арттыру курстары бар екенін білемін, алайда олардың қаншалықты тиімді бағытта жасалып жатқанын білмеймін. Мәселен, 175 бұйрық деген сияқты курстар жасауға арналған үлгілер бар, соны алады да кез келген адам өз пайдасы үшін курс жасай береді. Оның сапаны дамытуға қаншалықты үлес қосып жатқаны бақыланбайды. Соны да қалағалайтын жүйе болса деген ойым бар. Формализм емес нақты сапаға жұмыс жасайтын бағыттарды қолға алуымыз керек деп ойлаймын.

ОТАНДЫҚ СТАРТАПТАР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАДА БӘСЕКЕГЕ КАБІЛЕТТІ

— Елімізде цифрлық технологиялардың жылдам енуі шетелдік импорт негізінде тез жүзеге асып жатыр десек, қате емес. Осы орайда жасанды интеллектті дамыту үшін отандық ғылыми орталықтар мен стартаптарды қолдау нақты қандай бағытта дамуы қажет?

Нұртай САБИЛЬЯНОВ: — Жалпы, елімізде жасанды интеллектті дамыту үшін Қазақстанның ғылыми орталықтары мен стартаптарын салықтық жеңілдіктер, инфрақұрылым, қаржы, мамандарды даярлау бағыттарында қолдау маңызды. Мәселен, бізде стартаптар мен инвесторлар үшін бірегей байланыс алаңы Astana Hub арқылы қалыптастырылған. 21 мамырда Парламент Мәжілісі Astana Hub-тың қызметін жетілдіруге қатысты заң жобасын қабылдады. Кәсіпкерлерге қажетті салықтық жеңілдіктер, инфрақұрылым, инвестициялық қолдаулар қарастырылды. Сонымен қатар шетелдіктермен стратегиялық серіктестіктер орнатылған. Бұл байланыстар қазақстандық стартаптардың жаһандық инновациялық тізбеге қосылуына мүмкіндік береді. Қазір отандық стартаптар халықаралық аренада табысты бәсекелестікке қол жеткізе бастады. Сондай-ақ жасанды интеллект бойынша халықаралық орталықтың іске қосылуы — озық зерттеулердің,

стартаптардың дамуына және мамандарды даярлауға түрткі болады. Айта кету керек, Қазақстан бүгінде IT дамытудың өзіндік ерекше моделін қалыптастыруда — бұл модель ашық, интеграцияланған және болашаққа бағытталған. Егер жасанды интеллект технологиялары дұрыс енгізілсе, бұл оқушылардың зияткерлік дамуын шектемейді, керісінше, оқуға деген қызығушылығын арттырады, цифрлық сауаттылықты, сыни ойлау мен практикалық дағдыларды дамытады.

Мектеп ортасында болатын өзгерістер — бұл оқытудың жекелендірілген тәсілдерге, икемді білім беруге және оқушылардың шығармашылық әлеуетін арттыруға көшу. Осы өзгерістерге оқушыларды бейімдеуде әлеуметтік жағдайына немесе дайындық деңгейіне қарамастан, оқушыларды кен ауқымыда тартуға жағдай жасау керек. Жасанды интеллектті мектептерде этикалық тұрғыда пайдалану нақты нормативтік актілер мен стандарттар арқылы реттелуі қажет. Бұл жағын біз қазір қарастырамыз. Ең алдымен, оқушылардың дербес деректерінің қауіпсіздігі, қолданылатын алгоритмдердің ашықтығы қамтамасыз етілуге тиіс. Жасанды интеллект оқушылардың әділ бағалану, білімге тең қол жеткізу және ой еркіндігі құқығын бұзбауы керек. Мектеп ортасына енгізілетін барлық жасанды интеллект құралдары этикалық және құқықтық нормаларға сәйкестігі тұрғысынан алдын ала сараптамадан өтуі қажет. Жасанды интеллектпен байланысты заңбұзушылықтар орын алатын болса, тиісті шаралар қабылданып болады.

Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА: — Бұл бағытта отандық әлеуетті арттыруға негіз болатын нақты бастамалар бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы аясында еліміздің жетекші университеттері алғашқы суперкомпьютерлерін алды. Сонымен бірге, NU жасанды интеллектті дамытуға арналған Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институты жұмыс істейді. Бүгінде ғылым саласына арналған заң жобалары суперкомпьютерлерді, бұлтты платформаларды және мамандандырылған жасанды интеллект жүйелерін ғылыми зерттеу мақсатында пайдалануға мүмкіндік береді. Мұндай инфрақұрылым мен есептеу қуаты отандық университеттер мен ғылыми орталықтарға әлемдік деңгейдегі зерттеулермен айналысуға және халықаралық жобаларға қатысуға жол ашады.

Демек, бізге қажет бағыт — осындай ғылыми орталықтарды жүйелі түрде қолдап, стартаптар мен университеттер арасында кооперация орнатып, нақты өнім мен технология жасайтын орта қалыптастыру. Бұл тек цифрлық тәуелсіздікке емес, сондай-ақ ұлттық кадрларды даярлауға да зор мүмкіндік.

Әрине, біз бұл технологиямен байланысты қауіптерді де ескеруге міндеттіміз. Соның ішінде ең өзектілерінің бірі — жасанды интеллекттің балалардың когнитивтік қабілеттеріне ықпалы. Оқытуды автоматтандыру, ЖИ-ге негізделген білім беру платформалары мен цифрлық ассистенттерді кенінен қолдану, егер тиісті бақылау болмаса, оқушылардың сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерін тежейді. Халықаралық тәжірибе бұл алаңдаушылықты нақты растайды. Мәселен, Еуропалық Одақ «Жасанды интеллект туралы» (AI Act) заң қабылдап, білім беру саласында қолданылатын ЖИ жүйелеріне айқындау мен түсініктілікке жоғары талаптар қойып отыр. Мұндай платформалар, мысалы, контентін алгоритм арқылы жасалғанын нақты көрсетуі және оның қалай жұмыс істейтінін ашық түсіндіруге тиіс. Сол сияқты Қытайда да бұл технологияның мектептерде қолданылуына қойылатын талаптар, ЖИ жүйелерін әзірлеушілер мемлекеттік сертификақтаудан өтуі және оқушылардың деректерінің қауіпсіздігіне кепілдік беруі міндетті.

Ырысбек МӘУІТ: — Отандық ғылыми орталықтар бұл жағына тез бейімделуі керек деп ойлаймын. Яғни, осы жасанды интеллектке байланысты бөлімдер тез құрылуы керек. Ғылыми зерттеу орталықтарының бұл жағынан да аяқталысы жаман емес сияқты. Бүгінде Назарбаев университетінде ЖИ және smart жүйелер институты жұмыс істеп жатыр. Оқу орнындағы Жасанды интеллект институты (ISSAI) әзірлеген қазақ тіліндегі ірі тілдік модель қазірдің өзінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде мазмұн генерациялау, сондай-ақ түрік тілін қолдау арқылы көптілділікке бейімделу мақсатында жұмыстар жүргізіп жатқан көрінеді. Meta компаниясының LLaMA архитектурасына негізделген, 8 және 70 миллиард параметрлік нұсқалары бар бұл модель мәтінді аудару, реферат жасау, сұхбаттасу, контент генерациялау, сондай-ақ болашақта дыбыс пен бейне өңдеу мүмкіндіктерін қоспарлай отырып, модельдің бірнеше нұсқасын Hugging Face платформасында CC-BY-NC лицензиясымен қолжетімді етіп қойған екен. Яғни, қазақтілді контенттің ЖИ-дегі дамуы да жаман емес. Жақында қырғыздар ЖИ қырғызша сұрасақ, қазақша жауап береді деп алаңдап жатты. Демек, қазақтілді контенттің даму көрсеткіші жаман емес деген сөз. Қазір қолданыстағы ЖИ-дің пайдалы жақтары көп екенін байқаймын. Бастысы, жалпы нормаларды орындауға, баланың жеке деректеріне байланысты құпиялылықтарға, баланың психологиялық ахуалына абай болу. Отандық ғылыми орталықтар мен стартаптарды қолдау бағытын мамандар заңнама негізінде нақты шешетін шығар деп ойлаймын.

Дайындаған Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

3 МАУСЫМ 2025 | СЕЙСЕНБІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ту — хандар мен қолбасылардың билігін білдіретін, дәреже белгісі ретінде қолданылған нышан. Әр ханның өзіне тән, ерекше түсімен және желегіндегі рәміздерімен дараланған жеке туы болған. Ту — киелі белгі. Ол — сапқа орнатылған, төртбұрышты немесе үшбұрышты пішіндегі желек пен оның ұшына бекітілген ұштықтан тұрады. Айқас кезінде тудан айырылу жеңілiske теңестірілген. Ту тек бір дана болады. Оны көшіруге болмайды. Ханның туы — хан ордасында, қолбасының туы қолбасы ордасында сақталып, тек соғыс кезінде ғана шығарылатын.

Байрақ болса — әскери дәреже белгісінің бір түрі. Оның желегі болмайды. Ол хандар тарапынан қолбасылар мен әскербасыларға дәреже белгісі ретінде табысталған. Жүздік, ондық секілді шағын әскер бірліктерінің, рубасылардың да лауазымдық белгісі болған. Ал ту — мыңдық, түмендік сынды ірі әскер бірліктерінің нышаны ретінде қолданылған.

Жалау — туға ұқсас, бірақ мәні өзгеше белгі. Ол — белгілі бір ұйымның немесе мемлекеттің айырым нышаны. Тудан айырмашылығы — жалаудың көшірмесін жасауға, көбейтуге болады», — дейді ғалым.

Ал «Қазақ хандығының туы қандай болған?» деген сұраққа күні бүгінге дейін нақты, біздік жауап жоқ. Бұл мәселенің себебі кеңес дәуірінде қазақ тарихы емес, Ресей империясының қалыптасу кезеңі ғана ерекше зерттелгенінде жатыр. Тәуелсіздік алған соң ғана хандар мен батырлардың портреттері, тайпалар мен рулардың танбалары бар бұйымдарға сұраныс артты. Сол кезеңде Қазақ хандығының туы ретінде көрсетілген нұсқалар пайда болды. Бірақ ол жалған ту саналады. Бір қарағанда ұлттық реңі бар тәрзіді болып көрінгенімен, бұл тудың шын мәнінде казактың дәстүрлі рәміздік жүйесіне еш қатысы жоқ. Зерттеуші М. Ревниевке қазір Қазақ хандығының туы ретінде танылған бұл байрақ — тарихи емес, 70-жылдары түрік суретшілерінің қиялынан туған бейне екенін алға тартты. Оған дәлел болатын бірқатар элемент бар. Мәселен, ту ортасындағы өрнек — буддизм, индуизм және джайнизмде кездесетін «шриватса» мәңгілік түйін бейнесі. Бұл символ түркі халықтарының байрақтарында, қару-жарағында немесе киім-кешегінде бұрын-соңды қолданылмаған. Дегенмен шриватса бейнесіне ұқсас өрнектер қазақ даласынан табылғаны рас. Мысалы, Ақмола облысында Жәнібек ханның кесенесі деп сипатталып жүрген кеннен қалдығы арасынан осыған ұқсас өрнегі бар тақтайшалар

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰМАРЫ – КӨК БАЙРАҚ



табылған. Бұл — қазақ даласы мен Қытай, Үндістан, Тибет өркениеттері арасындағы мәдени байланыстар нәтижесі. Кесене құрылысына мұндай өрнекті енгізген сырттан келген қонақтар немесе тұтқын құрылысшылар болуы да ықтимал. Белгілі буддизмтанушы Роберт Бирдің айтуынша: «Мәңгілік түйін — Тибет пен Моңғолия мәдениетінің рәмізі. Оның түркілерге қатысы жоқ».

Осы тұста тағы бір күмәнді белгі — тудағы үш жұлдыз. Жұлдыздар қазақтың үш жүзін мензейтіндей көрінгенімен, тарихта бес бұрыш жұлдызбен жүздерді белгілегені туралы дерек жоқ. Оның үстіне, бесбұрышты жұлдыз — кеңестік кезеңде ғана танымал болған саяси рәміз. Қазақ өрнектерінде, сегізбұрышты жұлдыз жиі кездеседі. Ол «Оғыз хан жұлдызы» деген атаумен белгілі және шынайы көне түркілік дәстүрмен байланысты. Ол әлемнің төрт негізгі және төрт аралық бағытын білдіріп, кеңістіктің толықтығын меңзейді. Оғыз хан атымен байланысты бұл белгі кейде оның сегіз ұлы мен руын білдіретін таңба ретінде де қарастырылады. Күллі түркі бірлігін білдіретін жұлдыз Түркі мемлекеттері ұйымының

ресми таңбасында көрініс тапқан. Бұл — ортақ тарих пен мәңгілік туыстықтың белгісі.

Ендеше Қазақ хандығының туы ретінде көрсетіліп жүрген нұсқа қалай қалыптасты? Бұл сұраққа нақты жауап беру қиын. Алайда онда негізгі түс ретінде көк түстің қолданылуы нұсқаның танымалдығын арттыруға басты себеп болғанға ұқсайды. Өйткені көк түс түркі халықтары үшін көк аспан мен еркіндіктің және бірліктің белгісі. Сол себепті халық мұндай туға күмән келтірмейтіні анық. Ал қалған элементтері — тарихи тұрғыда дәлелденбеген бейнелер.

Тарихшы Жақсылық Сәбитов «Власть» сайты үшін дайындаған Қазақстанның көне және ортағасырлық тарихындағы мемлекеттік рәміздер туралы мақаласында: «Бүгінгі қолдағы деректерге сүйенсек, XIV ғасырдағы еуропалық карталарда Алтын Ордаға қатысты екі түрлі ту бейнеленген. Біріншісі — Бату мен оның мұрагерлері тұсындағы 1313 жылға дейінгі ту. Екіншісі — 1313–1330 жылдары Өзбек хан тұсында исламның мемлекеттік дін болуына байланысты қолданылған жана ту. Кейін, Бату әулеті биліктен кетіп, орнына Тұқа-Темір мен Шибан ұрпақтары (Шыңғыс

тұқымының басқа тармақтары) келген соң бұл тулар өзгеріп, олардың танбалары (мысалы, Тарақ таңба) енгізілуі де мүмкін. Бұл жағдайда Бату әулетінің Босаға таңбасы олардың таңбасымен ауыстырылған болар еді» деп жазады. Бірақ тарихшы Қазақ хандығының туының қандай болғаны жайлы айтпайды.

Жалпы, көне еңбектерде Қазақ хандығының туы туралы мәлімет кездеспегенімен, билеуші әулеттерге қатысты деректер бар. Құрбанғали Халид өзінің «Тауарих хамса» атты еңбегінде төрелердің бірнеше туы болғанын атап өтеді. Ол Шыңғыс хан ұрпақтарының қызыл, көк-жасыл, ақ, шұбар ту көтергенін жазады.

«Сығай ханның екінші әйелінен екі ұл туады: Сейітқұл және Оннан хан. Оннан батырлығымен танылып, өз алдына жеке ту көтеріп, қызыл ту астында жүрген. Осы Оннаннан тарағандар — қызыл тулы төрелер деп аталады» деп жазады Құрбанғали Халид.

Одан бөлек, ақ тулы төрелер де Сығай хан тұқымынан тарағанын жазады автор. Әлбетте, бұл жерде автор Сығай деп Шығай ханды айтып отырғаны сөзсіз. Автор ақ тулы төрелер қатарына Қошектің баласы Барақ, Барақтың бір әйелінен тараған Ханбаба, Маман, Тоһир, Бөкей болғанын жазады. Көк, яғни жасыл тулылар ішінде: Есімнің ұлы Жәңгір хан. Жәңгір ханның екінші әйелінен туған Аула мен Баки. Ауланың бір әйелінен — Абылай мен Жолбарыс, екінші әйелінен Сұлтанбеттер болғанын атап өтеді. «Шұбар тулылар ұлы жүз ішінде, аз ғана. Олардан белгілісі — Рүстем. Біреулер бұларды Оннанның туысы Сейітқұл төреден десе, біреуі Жәңгір баласы Бақидан таратады. Бұлар негізі қызыл тулы, Оннанға туыстығынан ақ тулы, Абылайға жақындығынан көк тулы болу керек болған соң Рүстем төре аралас, шұбар ту көтерген.

Білетіндеріндей айтуынша, бұл үш түрлі ту да Орыс ханнан тарайтын әулеттерге тиесілі», — деп жазыпты К.Халид. Бірақ автор бұл туларда қандай да бір өзге элемент болған, болмағанын жазбаған. Сол себепті дәлме-дәл сипаттау қиын.

мен суретшілердің еңбегі көпшілік қатыстығын көрсіндертегі адам санының аздығынан көмескіленеді. Екі хандықтың шешуші шайқасы ауыл жастарының төбелесіндей әсер қалдырады, — дейді киносыншы.

Дана Әмірбекованың айтуынша, Сығанақтағы халық көтерілісінде айыр мен таяқ ұстаған жиырма шакты адам мен оларды тоқтатпақ болған бес-алты сарбаз ғана көрінеді. Жәнібекті хан сайлаған сәтте бір қатарға тізілген халықты көріп қынжыласын. Дегенмен әскердің ат үстінде жауға шапқан шайқас көріністері әсерлілігімен төңті етеді. Карсыластың бір-біріне сілтеген семсерлері мен қағысқан қалқандары, құйылдатып шауып келіп, бірін-бірі түйреген найзалары, алыстан атылған жебенің суық суылы мен аяқтың астында қанға шыла-нып, тапталып жатқан сарбаздардың дулығалы бастары шынайы әрі әсерлі көрсетілген. Бұл, әрине біріншіден, режиссердің еңбегі болса, екіншіден, осыған дейін «Көшпенділер», «Моңғол», «Рәкетир» сияқты фильмдерде

білді. Осылайша, «жұмсақ күш» арқылы әлем елдері өз тарихын жанағна жаюада. Ал Қазақстан ше? «Қазақ хандығы» телехикаясы ұлттық жалыны көгілдір экраннан көркемдеп көрсетуге жасалған алғашқы қадам. Бұл туындының әлем кинематографиясымен салыстырғанда денгейі қандай?

— Біз жеке туындыларды емес, жалпы индустрияны салыстыруымыз керек. Өйткені Түркияның телеөнім саласында қанша қаражат айналып жатыр, оның тұтынушыларының тұтыну қабілеті қандай осы мәселе маңызды. Әрине, біз өзімізді Голливудпен, Корея киносымен салыстырамыз, бірақ айналып келгенде барлығы қаражатқа келіп тіреледі. Қазақстанның бюджеті тұрғысынан қарағанда біз үшін өте көлемді қаражат аяғына тұрып алған, табысты индустриялар үшін өте аз ақша болып қалады. Біз аз ғана қаражаттан көп дүние күтеміз. Бұл киногерлерге жасалған әділетсіздік болады. Жалпы, ең басты дүние ол — жазу. Драматургия мықты болса, оқиға шиеленісті, адамның ішкі жан дүниесінен шыққандай табиғи болады. Бұл жалпы кинотуындының ең негізгі қанқасы, — дейді киносыншы.

Әсіресе Бағдәулетқызының пікірінше, «Қазақ хандығы» телехикаясындағы мәселе жазу деңгейінің биіктерге жетпей жатқаны. Бұл да қаражат пен уақытқа тіреледі. Себебі бізге берілетін уақыт өте аз, асығыс түсіріледі де есеп беруге асығады. Аз уақытта сапалы дүние түсіру әрқашан мүмкін бола бермейді. Сонымен қатар бізде жұмыс істейтін мамандар тапшы. Шетелде 4-5 адам істейтін жұмысты бізде 1 ғана адам істеуі мүмкін. Драматургиялық тұрғыда шиеленісті оқиғалар мен тартымды, шынайы диалогтар жазуға көп адам жұмылуы керек.

— Меніңше, біздің мамандар қандай жанрда қандай туынды шығарғысы келетінін толық білмей жатып іске кірісіп кететін сияқты. Мысалы, шетелдік телехикаяларда әр бөлімді өртүрлі режиссер түсіре береді, бірақ маңыздысы жанр, визуалдық стилі алдын ала анықталып қояды. Жалпы, саяси тұрғыдан ойланғанда біз амбициялары жоғары екі алып мемлекеттің ортасында отырғандықтан, өз тарихымызды білу үшін, патриот азаматтарды тәрбиелеу үшін осындай тарихи туындыларды көп түсіруіміз керек және түсіріп те жатырмыз. Индустрия дамыған сайын мамандар да тәжірибе жинап өсе береді. Жарық қоюшы, дыбыс әрлеуші, монтажер сияқты көзге көрінбейтін бірақ өте көп жұмыс істейтін мамандық иелері тек тәжірибе арқылы жетіледі. Сол себепті бізге көп түсіре беру керек. Ал тәжірибе базасы, қаражат базасы қалыптасқан индустриялармен өзімізді салыстыру орынсыз болады, — дейді Әсия Бағдәулетқызы.

«Қазақ хандығы» телехикаясы — отандық тарихи туындылардың беташары. Әлемдік кино индустрия жылдар бойы қалыптасқан жүйеге, мықты драматургия мен заманауи технологияларға және үлкен нарыққа сүйенеді. Ал Қазақстан бұл жолдың басында тұр. «Қазақ хандығы. Алмас қылыш» сияқты туындыларды көбейту ұлттық рухты көтерудің басты жолы. Бізге керекі — тәжірибе, қасиби шеберлік, жеткілікті қаражат және уақыт.

Баян МАХСЕТ,
ЕҒУ студенті

КӨКЕЙКЕСТІ

«Қазақ хандығы» телехикаясы Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы негізінде түсірілген. Шыңғыс хан ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар өздеріне қарасты ру-тайпалармен бірге Моғолстан жеріне қоныс ауларұп, 1465-1466 жылдары дербес мемлекет құрды. Тақтың алғашқы иесі болып Керей сұлтан сайланды. Осылайша, тарих сахнасына қазақ хандығы келді. Телехикая осы сюжеттің желісімен басталып, қазақ хандығының алғаш құрылған кезеңіндегі оқиғаларды қамтиды. Біз телехикая режиссері Рүстем Әбдірәшевке хабарласып, телехикаяның 10 жыл ішінде бағындырған белесі туралы сөйлестік. Режиссердің айтуынша, «Қазақ хандығы» жобасы өз миссиясын орындап келе жатыр, әлі де орындайды. Себебі бүгінде аталмыш жоба араб, неміс, испан, португал, түрік тілдеріне аударылып, бүкіл дүниежүзіне көрсетіліп жатыр, яғни біз Кореяның тарихи сериалдарын қалай көрсек, дүниежүзі мемлекеттері «Қазақ хандығын» дәл солай тамашалап отыр.

— Жобаның екі бірдей маусымы 40-тан астам мемлекетке сатылған. Нақтырақ айтқанда, Италия, Германия, Аустрия, Польша, Испания, елдерімен бірге Қытай, Оңтүстік Корея, Моңғолия, Тауа Шығыс пен Солтүстік Африка елдері-Алжир, Бахрейн, Египет, Палестина, Израиль, Иордания, Ирак, Катар, Кувейт, БАӘ және тағы басқа елдер көрсетілім құқықтарын сатып алған болатын. Сонымен қатар интернет желісін қарасаныз, еліміз туралы тарихи деректер жасаларда біздің «Қазақ хандығы» киносынан кадрларды жиі пайдаланады. Мектептердегі тарих сабақтарында факультативті түрде көрсетілімдер өтеді, — дейді режиссер.

Ал киносыншы Дана Әмірбекованың пікірінше, жер бетінде тіршілік басталғанды әр адам баласының көксегені — еркіндік, әр ұлттың ансағаны — тәуелсіздік, дербес ел болу. Егемендікке қол жеткізгелі тарихымызға қайта үйіліп, өткенімізге бүгінгі күннің биігінен баға беретін кез келді. Сондықтан да жақсыларымыз бен жайсаңдарымыздың аты аталып, ата-бабамыздың жарқын келбетін экран арқылы паш ету аса маңызды.

— Тарихи тақырыпта түсірілген фильмдердің ерекшелігі мен басты қиындығы — оқиғаның немен аяқталатынын көрермен алдын ала біліп отырады. Осы ретте сценарий авторлары С. Елубай, Т. Жақсылықов, Р. Әбдірәшев көрерменді қызықтыру үшін барын салып, фильмге шиеленіске толы тартысты сюжет енгізуге тырысқан. Әсіресе, сарайдағы эпизодтардың драматургиясы өте жақсы жасалған: Әбілқайыр мен қос сұлтанның арасындағы қаттығыс пен интригаға толы саяси ойындар қызықты әрі нанымды суреттелген. Хан шатырындағы тартыстарда Әбілқайыр мен Жәнібектің арасындағы қарым-қатынас, аң аулау сәттерінде Әбілқайыр мен Керейдің сөз таластары арқылы сол дәуірдің рухын сезінуге болады. Алайда басы жақсы басталған фильм сюжетінің өрбу қарқыны ортасына таман әлсіреп, туындының екінші жартысы созылып, кейбір маңызды оқиғалар шорт кесілгендей әсер қалдырды. Дегенмен ешкімге бодан болғысы келмеген, қайтпас қазақ халқының рухын биіктетуді мақсат тұтқан

Тарих — ұлттың тағдыры. Сол тарихымызды көк жәшіктен көркемдеп көрсету — әр буынның міндеті. Себебі кино өнері — халықтың рухын көтеретін мықты құрал. Қазақ хандығының 550 жылдығына орай түсірілген «Қазақ хандығы. Алмас қылыш» телехикаясының түсірілгеніне биыл 10 жыл толды. Фильмнің әу бастағы мақсаты XV ғасырда құрылған хандықтың ішкі және сыртқы саясатын, тарихи тұлғалардың тағдырларын баяндау арқылы ұлттық сананы ояту еді. Ендеше бұл туынды өз миссиясын орындай алды ма?

ТАРИХТЫ ЭКРАН ТІЛІМЕН СӨЙЛЕТЕ АЛДЫ МА?

бұл фильм қазақ тарихының маңызды кезеңін бейнелейтін, көруге тұрарлық туынды екені сөзсіз, — деді Дана Әмірбекова.

АКТЕРЛЕРДІҢ ЖҰЛДЫЗЫН ЖАҚТЫ

Телехикаяның актерлік құрамы жайлы айта кетейік, режиссер Рүстем Әбдірәшев бастаған бұл туынды көптеген жастың жұлдызын жақты. Мысалы, Мейірат Амангелдин, Ниязбек Шайсұлтанов, Аян Өтепберген сияқты актерлер тарихи тұлғаларға жан бітірді.

Киносыншы «Қайрат Кемаловтың Керейі өмірдің ыстық-суығына төзе білген, халықтың жүрегін жаулай білген данағой сұлтанның бейнесін жандырды» деп бағалады. Оның айтуынша, актер Керейдің жүзінен Шайбан ұрпақтарының тепкісі мен биліктен шеттетілудің ауыр зардаптарын шеберлікпен жеткізе алды. Ал Жәнібек — қайсарлығы мен батылдығы жалындыған жас сұлтан. Ол ханның алдында да, қарапайым халықтың ортасында да ойын ашық айтудан тайсалмайды. Осы тұста Қайрат Кемалов пен Еркебұлан Дайыровтың (Жәнібек) актерлік шеберліктерінің үйлесімділігі көрермен көңілінен шығатындай әсер қалдырады.

— Сонымен қатар Досхан Жолжақсынов Әбілқайыр ханның рөліне жан бітіріп, актерлік шеберліктің ғажайып үлгісін паш етті. Оның Қобыланды батырмен қарым-қатынасында ханның бекзаттығы мен дарқандығы айқын көрінеді. Заманының заңғар билеушісі болған Әбілқайыр қартайған шағында билігін сақтап қалу үшін кез келген қадамға дайын. Бірақ актер кейіпкердің ішкі драмасын шебер жеткізе отырып, оның жанындағы ізгілік ұшқынын да көрсете білді, — деп баға берді Дана Әмірбекова.

Оның пікірінше, көрерменнің пікірі Өрқашанда субъективті болады. Біреулер актерлердің ойынына төңті болса, басқалары сын көзімен қарауы мүмкін.



Дегенмен жалпылама алғанда, «Қазақ хандығы» фильмі көрермендердің қызығушылығын тудырды және тарихи тақырыпқа деген сұранысты арттырды деп айтуға болады.

Жалпы, «Қазақ хандығы» телехикаясының түсірілімі 5 айға созылған. 500-ден астам адам атсалысқан аталмыш туындыға әу баста 5 млн доллар бөлінген, содан кейін краудфандинг тәсілі арқылы отандастарымыз 101 млн тенге жинаған екен.

— Декорациялар мен костюмдер фильмге сол дәуірдің тылсым атмосферасын сыйлап, рухын сезіндіреді. Киім үлгілерінің талғаммен таңдалғаны, хандардың шапаны, батырлардың қару-жарағы, аттардың әбзелдері мен әрбір деталь ерекше ыждаһаттылықпен жасалған. Бұл — суретшілердің тынымсыз еңбегінің жемісі. Алайда фильмінің ауқымы көңіл көншітпейді. Керемет декорациялар

АЗ ҚАРАЖАТТАН КӨП ДҮНИЕ КҮТЕМІЗ

Ал киносыншы Әсия Бағдәулетқызы Көптеген Орталық Азия елдерімен салыстырғанда біз тарихымызды көркемдеп көрсету жағынан алдамыз деп ойлайды. Себебі елімізде осы салаға аса мән беріледі. Ал тарихи киноларға кедергі болып тұрған — уақыт, тәжірибе және қаражат. Басқасының барлығы дұрыс бағытта. Түркия Осман империясының тарихын бүкіл әлемге телехикая арқылы танытса, Қытай, АҚШ, Оңтүстік Корея сияқты мемлекеттер ұлтының өткенін заманауи телесериал форматына лайықтап көрерменнің жүрегіне жол таба

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ӨҢІР ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Прокурорлық қызметтің негізгі мақсаты мен міндеті бір болғанымен, әр өңірдің ерекшелігі жұмыстың басым бағыттарын анықтауға және жұмысты тиімді ұйымдас-тыруға мүмкіндік береді. Атап айтсақ, мұнайлы өлке Маңғыстау өңіріндегі қызметтің де өзіндік ерекшелігі бар.

Маңғыстау облысының прокуроры қызметіне кіріскен бір жылдың ішінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оп-тимизм» атты Жолдауын басты назарға алдым. Өңірдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бағытында нақты нәтижелі істермен жүзеге асыруды міндет еттім және қадағалау қызметінде ұжыммен белгілі нәтижелерге қол жеткізе алдық. Президентіміз аталған Жолдауында: «Кез келген қоғамның, соның ішінде біздің қо-ғамның да басты ұғымдарға негізделген сұ-раныстары — әділдік және қауіпсіздік», — деген болатын. Бұл — тек декларативті ұстаным емес, әр өңірде нақты іске асуға тиіс бағыт. Бір жыл ішінде 174 195 азамат-тың, оның ішінде 76 705 бойынша конс-титуциялық құқықтары қорғалды. Мем-лекет кірісіне 42,4 млрд тенге өндірілді. 31 инвестордың мәселесі оң шешімін тауып, 7 мыңға жуық кәсіпкердің құқықтарының бұзылуына жол берілген жоқ.

Сонымен қатар Президенттің және Бас прокурордың тапсырмаларын іске асыру аясында облыс прокуратурасының баста-масымен алғаш рет өңірлік деңгейде «Mangystau Future 2025» инвестициялық форумы өтті. Форумда кәсіпкерлердің құ-қықтарын қорғау, әкімшілік кедергілерді жою және инвестициялық ахуалды жақ-сарту мәселелері ашық талқыланып, 300 млрд тенгеден астам жобалары бар инвес-



торлардың проблемалары прокуратураның араласуымен оң шешімін тапқаны атап өтілді.

Заңдылықты қамтамасыз ету, азамат-тардың құқықтарын қорғау және Конституция нормаларының мүлтіксіз орындалуын қадағалау — прокуратура жұ-мысының басым бағыттарының бірі болып қала бермек. Маңғыстау облысы еліміздің басты мұнайлы өңірлерінің бірі болған-дықтан, стратегиялық маңызды салада заңдылық пен әділеттікті қамтамасыз ету мақсатында облыс прокуратурасымен бір-

қатар ірі кәсіпорындарға тексерулер жүр-гізілді. Тексеру нәтижелерімен мемлекетке келтірілген 50 млрд тенгеден астам залал анықталып, 30 сотқа дейінгі тергеп-тек-серу істері тіркелді, 14 тұлға, оның ішінде кәсіпорнын басшылары ұсталды.

Мемлекет басшысының құқық қорғау органдарына қойған басты тапсырмалары-ның бірі — азаматтардың қауіпсіздігін то-лық қамтамасыз ету. Бұл міндетті орындау барысында Прокуратура «Заң мен Тәртіп» қағидатын нығайту арқылы қылмыстың алдын алу мен анықтауда кешенді шара-

ларды жүзеге асырып келеді. Қабылданған шаралардың нәтижелері жалпы қылмыс-тық құқықбұзушылықтар санының 12%-ға төмендеуіне, көмелетке толмағандар жа-саған қылмыстардың 36%-ға азаюына мүмкіндік берді. Оң көрсеткішке қол жет-кізу оңай болған жоқ, бұл нәтиже — тиімді және тұрақты жүргізілген кешенді профи-лактикалық жұмыстардың жемісі. Атап айтқанда, прокурорлар көмелетке толма-ғандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 500-ден астам іс-шара ұйымдастырып, 2 300-ден астам әлеуметтік осал отбасыларға барып, нақты жағдайларымен танысты.

Сонымен қатар «Криптон» жүйесі ар-қылы 734 мың долларды құрайтын крип-товалюта есеп шоты бұғатталды, тенгеге аударғанда 370 млн. Қазіргі таңда аталған дерек бойынша Трансұлттық қылмыстық топ құру фактісімен қылмыстық іс тіркеліп, тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде. Бұл есірткі тасымалының, нашакорлықтың жолы біржолата кесілді деген сөз емес, мысалы тек жыл басынан бері 120 адам қылмыстық жауаптылыққа тартылды. Осыған байланысты облыс прокуратурасы «Нашакорлыққа жол жоқ» жобасын іске асырып, оның аясында 500-ден астам есірткі жарнамалары жойылды. Есірткісіз қоғам, есірткісіз болашақ — барша құқық қорғау органдарының ортақ ұстанымы. Ел жастарының дені таза, білімді, салауатты, шымыр болуы — мәдениетті, дамыған ұлттың көрсеткіші. Алаяқтықпен күрес және цифрлық қауіпсіздік қылмыстары 17,6%-ға азайғанымен, интернет-алаяқтық 2,7%-ға өсті. Бұл бағытта «Антифрод-орта-лық» арқылы 175 тәпсырма жолданып, бірнеше млн теңге көлемінде 15 күмәнді транзакциялар бұғатталды. Ал интернет-алаяқтықтың жаңа түрлері мен әдістері туралы хабардар ету мақсатында бейне-дайджесттер, қысқаметражды фильмдер әзірленіп, әлеуметтік желілер арқылы кеңі-нен таратылуда.

Өңір прокуратурасының жіті назарда ұстап отырған бір мәселе — жол қауіпсіздігі. Қабылданған шаралар нәтижесінде жол-көлік оқиғалар саны бытырмен салыс-

тырғанда 21,4%-ға азайды. Нақтырақ айтсақ, 2025 жылғы 4 айда 404 жол-көлік оқиғасы тіркелді, 2024 жылғы салыстыр-малы кезеңде 514 оқиға тіркелген болатын. Биыл орын алған жол-көлік оқиғаларының салдарынан 1 300-ден астам адам қайтыс болып, 16 мың адам жапа шекті. Тіпті, от-басымен бірге қайғылы жағдайға тап бол-ғандар да бар. Уәкілетті органдарға енгізіл-ген қадағалау актілерінің негізінде жол белгілерін орнатуға және оларды жанартуға бюджет есебінен 160 млн теңге қаражат бөлінді, «Жаяу жүргінші» және «Абай-лаңыз, балалар» сияқты 200-ден астам жол белгілері орнатылды.

Тұрғындарды қабылдап, талап-тілегін, арыз-шағымын тыңдау жұмысы — «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде он жолға қойылды. Ұлттық статистика бюро-сының зерттеуі бойынша, Маңғыстау об-лысының Прокуратурасына деген сенім деңгейі 96,5 пайызды құраған. Республика бойынша алдыңғы қатарға қол жеткізу — біз үшін үлкен мәртебе. Бұл көрсеткіш бізді бұдан әрі шабыттандыра түседі. Маңғыс-таулық тұрғындардың прокуратура орган-дарына сенім артуына бірден-бір себеп — азаматтарды жеке қабылдау мәселесінде ашықтық принципін қолдануымыз деп білеміз.

Біздің басты ұстаным — азаматтардың заңмен қорғалған құқықтарын қамтамасыз ету ғана емес, олардың мемлекетке деген сенімін нығайту. Биылғы қуанарлық жана-лықтардың бірі — ол «Ақтау — Түркі әле-мінің мәдени астанасы» болып жариялан-ғандығы. Осы тұрғыда жастарымыздың мәдениет пен білім деңгейін көтеру бағы-тында жұмысты арттырып, туризм мен инвесторларға ыңғайлы әрі қауіпсіз аймақ ету — біздің басты мақсатымыз. Тұрғындар мен құқық қорғаушылар заңдылық пен адамгершілікті ұстанғанда, құрметтегенде ғана таза, әділ, өркенитетті, қауіпсіз Казак-станда өмір сүретін боламыз.

Айдоc МАЙЛЫБАЕВ,
Маңғыстау облысының прокуроры,
3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі

ОРМАН АЛҚАПТАРЫН ӨРТТЕН ҚОРҒАУ МАҢЫЗДЫ



Батыс Қазақстан облысы орманшылары мен төтен-шеліктер бірлесіп орман және дала өртінің алдын алуға арналған «Өрт» республикалық оқу-жаттығу жиынын өткізді. Оқу-жаттығуға облыстық Төтенше жағдайлар де-партаментінің жеке құрамы мен орман шаруашылығы саласының қызметкерлері қатысты. Оқу-жаттығу жұмысының барысын бақылау үшін облыс әкімінің аппарат басшысы Нұрділда Ораз қатысты.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Батыс өңірі — жасыл желек-ке бай өңір. Облыста 216 мың 815 гектардан асатын орман алқабы бар. Бұл орман алқабын кеніту мақсатында жылда жас те-ректер егіледі. Бұдан бөлек, бар ағаштарды қорғау маңызды. Яғни, жаз айларында орман алқабын өрттен қорғау үшін орманшылар кірпік қакпай кезекшілік аткарып енбек етеді.

Жаз — өрт қаупінің күшейетін кезі. Өрт осы маусымда, әсіресе ормандар мен дала алқаптарында жиі байқалады. Мұның себебі не-гізінен азаматтарымыздың жаз айларында бұл қауіпті елемей, немқұрайлы қарауынан болып жүр. Оған далалық өрт деп жеңіл-желпі қарамау керек. Далалық алқаптарда тұтанған өрт манайын-дағы елді мекендерге де қауіп төндіреді. Үлкен материалдық шығын өкеледі. Адамдардың ден-саулығына зиянын тигізіп, сақ-танбаса өмірлерін де жалмауы мүмкін. Сондықтан өрт қаупіне әрқес абай болған жөн.

Өкінішке қарай, адамдардың өрт қауіпсіздігі шараларына нем-құрайлы қарау салдарынан орман алқаптарында қызыл жалын тұтан-ып тұрады. 2024 жылы бір орман өрті тіркеліпті. Осындай орман алқаптарында өрттің болмауын қамтамасыз ету үшін өрт өрт бола қалған жағдайда оны тез өшіруді ұйымдастыру үшін далалық жер-дегі оқу-жаттығу жиындарының берері мол.

Жыл басталғалы бері облыс аумағында 183 өрт оқиғасы тіркел-ген. Жаз басталып үлгермесе де, осы жылдың өзінде бір дала өрті тіркеліп үлгерген.

Статистикалық талдау мәлі-меттеріне сүйенсек, орман өртінің 10 жағдайының 9-ы сөндірімей қалған оттардан, тастай салған темекі тұқылынан және сіріңке шағудан, құрғақ шөпті өртеу се-бептерінен болады екен. Әсіресе, аса ыстық, аптапты күндері сәл ұшқынның өзі далалық шабын-дықта өрттің тұтануына жеткілікті.

Міне, бүгінгі оқу-жаттығу жиынына азық болған сценарий үлгісі де осындай. Алдын ала бе-кітілген сценарийге сәйкес шөп шауып жүрген шаруаның трактор-ының ұшқыны Барбастау өзені бойындағы орман алқабының өртенуіне өкеліп отыр. Айнала лезде қара түнекке айналды. Тө-теншеліктер дереу атқа қонды. Мақсаттары айқын. Орман алқа-бындағы өрттің жайылып кетпеуін қадағалау, айналадағы елді мекен-дерге өрт ұшқынын жібермеу.

— Мұндай оқу-жаттығу жиы-дары төтеншеліктердің дайынды-ғын пысықтайды. Қазір бұл жерде БКОТЖД 150-ге жуық қызметкері бар. 40-қа жуық техника жұмыс істеп жатыр. Бұл — жылда өтетін оқу-жаттығу жиыны. Тек бытыр өңірдегі сұтасқынына байланысты өтпей қалды. Себебі біз бытыр дәл осы уақытта саяжайлықтарды судан құтқарып, бөгет тұрғызу

жұмыстарына жұмылдырылдык. Биыл міне қайтадан далалық оқу-жаттығу жиынын өткізіп, дайын-дығымызды шыңдап жатырмыз. БКОТЖД техникалық базасын жақсартуды да жоспардан тыс қалған емес. Себебі дала өртін сөндіру үшін жақсы техника ка-жет. 2023 жылы республикалық бюджеттен бөлінген қаржыға 8 техника сатып алсақ, жергілікті бюджеттен бөлінген ақшаға 12 техника алдық. Ал 2024 жылы тек республикалық бюджеттен 8 тех-ника сатып алдық. Биылғы жылы республикалық бюджеттен 5 тех-ника, ал жергілікті бюджеттен 19 техника алдық. Өздеріңіз көріп тұрғандай, жергілікті және рес-публикалық деңгейде де қолдау барын айтқым келеді, — деп атап өтті БКОТЖД басқарма басшысы Дамир Салихов.

Төтеншеліктер далаға демалысқа шығатындар от жағудың ережесін сақтаса екен дейді.

— От жағудың өз ережелері бар. Егер оны сақтамаған жағдайда демалыс азапка айналуы әбден мүмкін. Отты 0,5 метрден кем емес минералдық жолақпен қор-ғалған орында жағу керек. Ол қылқан жапырақты ағаштардан, ағаш бұтақтарынан, құрғақ шөп-терден қашық болу керек. Сондай-ақ демалған орыннан қайтар кезде отты міндетті түрде сөндіріп кету қажет. Егер де жақын жерде су болмаса, оны топырақпен көму қажет. От шоктары әбден сеніп болғанша, оның қасынан кетпей, қадағалаған жөн, — деп атап өтті төтеншеліктер.

Кезекті іс-шара басқару органдарының, азамат-тық қорғау аумақтық кіші жүйесі күштері мен құралдарының таби-ғи өрттер туындаған кездегі іс-қи-мылдарға дайындық деңгейін арттыру мақсатында ұйымдасты-рылады.

Семейдегі орман өртінен кейін орманшыларға да көңіл бө-лінгені белгілі. Оның игілігін ба-тысқазакстандық орманшылар да көрді.

2023 жылы Президент тапсыр-масына сәйкес және облыс әкімі-нің тікелей қолдауымен облыстық бюджеттен 1 миллиард 187 млн қаржы бөлінген еді. Сол кезде ол қаржыға 25 трактор, 13 автокөлік, 78 қажетті құрал алынғаны есіміз-де. Кейін облыстық бюджеттен 78 млн қаржы бөлініп, оған 420 ра-ция және 135 аспалы су шашқыш, 6 өрт сөндіруге арналған кешенді көлік, 4 дрон алынды. БКО бойынша өртті бақылауға арнал-ған 8 мұнара бар. Сол сегіз мұнара-ға бейнекамера қойылды.

Биыл қасиетті Көкше жерінде, Бурабай баурайында Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысы өткені белгілі. 2022 жылдан бері елдің болашағын айқындайтын стратегиялық институттың біріне айналған жиында қоғамдағы ең өзекті мәселелер талқыға түсіп, елдің келешек дамуы мен өркендеуіне бағыт-бағдар беретін тың ұсыныстар айтылды. Маңызды жиынның пленарлық отырысында Ұлттық құрылтайдың бірқатар мүшесі сөз алып, баяндама жасады. Сонда ішкі саясат пен идеология тақырыбында сөз қозғалып, осы саладағы бірнеше мәселе бойынша ұсы-ныстар ортаға салынды. Оның біріншісі – идеологияның орнықтау себептерін айқын-дау мен одан арылу. Одан бөлек, татулық, ынтымақ, бірлік тақырыптары айтылды.



«ДОСТЫҚ ҮЙЛЕРІ» АШЫЛАДЫ

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Жуырда Түркістан қаласын-дағы «Достық үйі» ғимаратында Түркістан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік бастауы — берекелі Түркістан» та-қырыбында XXVII сессиясы өтті. Жиынға Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров, ҚХА Кеңесінің мүшелері, зиялы қауым өкілдері, аудан, қала әкімдері, Түркістан облыстық ҚХА құры-лымдары мен этномәдени бірлестіктердің жетекшілері мен мүше-лері және жастар ұйымдары ка-тысты. Сессия отырысына Түркі-стан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев модераторлық етіп, сессия жұмысы іргелі істерді одан әрі қарай дамыту бағытында ой бөлісіп, пікір алмасатын ашық алаң екенін жеткізді. Тәуелсіз елі-міздің тұтастығын, бейбітшілігін және тұрақтылығын сақтауда Ас-самблея ерекше рөл атқаратынын, Түркістан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, қоғамдық құрылымдар мен этно-мәдени бірлестіктердің атқарып жатқан жұмыстарының ауқымы да кен екенін атап өтті.

Қазақстан халқының татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміз-дің тұтастығы мен киелі Тәуелсіз-дігімізді нығайтуды мақсат еткен жиында сөз алған облыс әкімі Нұралхан Көшеров этнос өкілдері-нің аймақты дамытуда атқарып жатқан жұмыстарына тоқталып, сессия жұмысына сәттілік тіледі. Ассамблеяның 30 жылдығы — еге-мен еліміздің тарихындағы айтулы

оқиға екені, аталған институт эт-носаралық келісім мен жалпыұлт-тық бірлікті нығайту жолында тиімді саясат жүргізе алатын ұйым ретінде танылып отырғанын жет-кізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ассамблеяның XXXIV (34) сессиясында айтқан маңызды ойларымен бөлісті. Ел бірлігі мен ынтымағы Қазақстан-ның тұрақты дамуына ықпал етіп отырғанын, Мемлекет басшысы-ның этномедиация институтын дамытуға ерекше мән бергенін атап өтті.

«Сонғы жылдары Түркістан облысында медиация саласы ай-тарлықтай көрсеткіштерге жетке-нін айта кеткен жөн. Былтыр Ас-самблея сессиясында Президен-тіміз облысымыздағы этномедиа-цияға қатысты жұмыстарға оң баға берді. Биыл Ассамблеяның 30 жылдығы аясында өңірімізде 2 мыңнан аса ұлттық, мәдени, спорттық іс-шаралар өткізілуде. Ассамблея жастары да азаматтық жауапкершілікті дамытуға арнал-ған бірқатар бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруда. Біз Мемлекет басшысының тапсыр-масына сәйкес пайдалануға беріл-ген «Достық үйінде» отырмыз. Бұл ғимарат тек этномәдени бірлестіктер бас қосатын орын ғана бо-лып қалмауы керек. Ол сондай-ақ бірлік, жасампаздық, өрлеу сияқ-ты құндылықтарды дәріптейтін орталық болуға тиіс. Түркістан қаласының туристік әлеуетін ес-керіп, қала әкімдігі мен жауапты басқармалар осы бағытта қажетті жұмыстарды жүргізуі қажет. Со-нымен қатар Мемлекет басшысы

осындай «Достық үйлерін» еліміз-дегі бірнеше қала мен аудандарда ашуды тапсырды. Оның ішінде өзіміздің Сайрам ауданы да бар. Облысымыздағы этнос өкілдері тығыз шоғырланған Сарыағаш ауданынан да «Достық үйін» ашу керек деп санаймын. Түркістан облысында этносаралық келісім тұрақты дамып, барлық азамат-тардың мүдделері тең дәрежеде қорғалады. Сіздермен бірге елі-міздің өркендеуіне, бірлігі мен ынтымағына үлес қосу — үлкен мәртебе», — делі аймақ басшысы.

Алқалы басқосуда Түркістан қалалық өзбек этномәдени бірлесті-гінің төрағасы Раимжан Қош-каров, Түркістан облыстық түрік этномәдени бірлестігінің мүшесі Зикирулла Юсупов, Түркістан облыстық тәжік этномәдени бір-лестігі Жетісай аудандық филиа-лының төрағасы Халим Тұрсынов, Түркістан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Журналистер мен блогерлер клубының төрағасы Ерсултан Әмір-бек облыс көлемінде жүзеге асып жатқан қайырымдылық шара-лары, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, жалпы ақпарат, медиацияның дамуы жайында маз-мұнды баяндама жасады.

Айта кетейік, Түркістан об-лыстық Қазақстан халқы Ассам-блеясы еліміздегі этносаралық татулық пен тұрақтылықты сақтау жолында ауқымды жұмыстар ат-қарып келеді. Атап айтаанда, об-лыста «Салауатты сана», «Адал азамат», «Елтану», «Мың бала», «Қайырымдылық керуені», «Жаңа толқын», «Шанырақ» жобалары сәтті жүзеге асырылып жатыр. Жыл басынан бері 631 іс-шара мен 49 қайырымдылық акциясы өткі-зіліп, 39 мыңға жуық адам қамтыл-ды. Сонымен қатар 168 ақпарат-тық-насихаттық кездесу өткізіліп, оған 9000-ға жуық тұрғын қатысты.

ДОДА

3 МАУСЫМ 2025 | СЕЙСЕНБІ



— Бұл турнир жанғырып, осымен екінші рет өтті. Биыл форматы бөлек. Спортшы қыздар жөнінде не дейсіз?

— Дұрыс айтасыз, мұндай форматтағы турнирді бірінші рет ұйымдастырдық. Әлем чемпионаты мен Олимпиадада балуандар осылай екі күн күреседі. Сондықтан оларды бір сынап алуды жөн көрдік. Бір күнде бәрі шешілмей, ертеңіне күресетін спортшы қайтадан салмақ қуалап, бабын жоғалтпаудың жолын іздейді. Психологиялық қысымға, жарыс атмосферасына қалай төтеп беретінін көргіміз келді. Өйткені алда әлемдік жарыста тосырқап қалмағаны дұрыс.

Бұрыннан көзге түсіп, күресіп жүрген қыздардың бабы мен бағы келгені 1-2-орын алғаны рас. Олардан бөлек, көзге түскен екі қыз бар. Бірі — Петропавл тумасы, 57келіде қола жүлде еншілеген Анна Стратан. Жалпы, Аннаны жастар мен ересектер қосыла жаттығу жиынын өткізгенде көрдім. Сонда белдесуін байқап, еңбексқор, алдына қойған мақсаты айқын қыз екенін білдім. 62 келіде күміс жүлде алған Әнел Шокаева Ақмола облысынан қатысты. Талантты спортшы. Алайда осы жерде бір кілтіпін бар. Былтыр жастар арасында жүлде алған қыз, биыл ересектер арасында финалист атанды. Байқасаңыз, ерлер арасында жастардан ұлттық құрамаға жету жолы қиын. Бәсеке жоғары, ал әйелдер күресінде бәсеке жоғы осыдан-ақ көрінеді. Мысалы, Шокаева алтын алғанда оны әлем чемпионатына апаруым керек болады. Ересектерге енді қосылған қыз әлемдік аренада тосылып қалатыны белгілі. Сондықтан бәсеке бар жерде сапа да бар. Әйелдер күресін көтеру үшін өңірдегі күресті қолға алып, бапкер тартқан жөн. Көбіне, ерлерді жаттықтыратын бапкер қыздарды да қосып алады. Қазір барлық өңірде жасөспірім қыздар командасы бар. Ал ересектер арасында Атыраудан құрама шықпады, солтүстіктегі күрес нашарлап кетті. Бәсеке күшеюі үшін облыста іріктеу өтуі керек.

Иә, кей салмақта бес жыл бұрын, он жыл бұрын күресті қойып кеткен қыздар келіп белдесті. Декреттік демалыстан келіп, денсаулық жағдайына байланысты үзіліс алғаны бар. Қызығы, соның ішінде жеребе арқылы финалға шыққаны тағы бар. Ақтық сында күрескенімен, олардың амбициясы жоқ. Ойы ұлттық құрамада жүріп, айлыққа ілігу. Арасында «ішкі турнирге қатысып, оқу-жаттығу жиынына барсам болды» деп ойлайды-ау. Әлем чемпионатына қатысамын, баска да әлемдік аренада күресемін деген сенім жоқ. Олармен жастар, жасөспірімдер құрамасында жұмыс істегенмін. Басында көрсеткіштері жақсы болғанымен, кейін отбасын құрып, декреттік демалыс алды. Ал қазір күреспей жүріп-жүріп, жарты жыл жаттығу жасап, қайтадан жарысқа шығып жүр.

— Сонда кубокте жүлдеге іліккендер арасынан ішінара іріктеп, Әлем чемпионатына жолдама бересіз бе?

— Тікелей олай емес, бірақ кубок нәтижесі ескеріледі. Әлем чемпионатына іріктеу критерийі бар. Кубок жеңімпаздарына көз жұмбаймын. Бірақ кубокте күрес-

24-30 мамыр аралығында елордада күрес түрлерінен Қазақстан кубогы өтті. Ерекшелігі сол, Олимпиада форматында өткен турнирде балуандар екі күн белдесті. Бапкерлер спортшының жүйке клеткасын сынақтан өткізгендей. Олар да барын салуға тырысты. Әсіресе, әйелдер күресінде жеңісті соңғы минутта жұлып алғандар болды. Дегенмен жаңа есім ілуде бір кезікті. Бәсеке жоғы бірден көзге ұрды. Сондықтан жарыстан соң әйелдер күресінен ұлттық құраманың бас бапкері Қайрат Сағадиевті әңгімеге тарттық.

Қайрат САҒАДИЕВ,

әйелдер күресінен ұлттық құраманың бас бапкері:

ТӘРТІП БОЛМАҒАН ЖЕРДЕ ЖЕТІСТІК ЖОҚ

пей, оның алдында жүлдеге ілігіп жүрген қыздар барын ұмытпайық. Мысалы, Зейнеп Баянова, Нилуфар Раимова, Марал Тәңірберген «сен тұр, мен атайын» дейтін балуан. Олар алдағы Азия чемпионатына дайындалып жатқан соң, бұл турнирге қатыспады. Сондықтан алда Польшада өтетін жарыста кубок жүлдегерлерін апарып, аужайын байқаймын. Егер жүлдеге ілігіп, өзін көрсетіп жатса, ӨЧ-ге жолдама алуы мүмкін. Бұл жерде бәрін көрсеткіш шешеді.

— **Психология жайын қозғалыңыз, ұлттық құрамала дәрігер мен психолог түгел ме?**

— Арнайы бекітілген дәрігер мен массажист бар, тәжірибелі жігіттер. Айта кетерлігі, оларды Ұлттық спорттық медицина және оңалту орталығы бекітеді. Онда баска да федерацияның дәрігері тіркелген. Сондықтан әр жарысқа бірге ертіп бара алмаймыз. Бәрі қаражатқа тіреледі. Баска федерацияда маңызды халықаралық жарыс өтсе, сол мекеменің дәрігеріне сапарға қаржы бөлінеді. Сонда бізге қарасты дәрігерлер қалып қояды. Солар қатардан қалмаса



екен деген тілек бар. Мұны барған жерімде мәселе ретінде көтеріп, айтып жүрмін.

Психологке келсек, 2015-2018-жылдары Олимпиадада үш медаль алды. Бұл көрсеткіштің сыры неде? Сол тұста ұлттық құрамамен Татьяна Лапшева есімді психолог жұмыс істеді. Өз ісінің шебері еді. Маманды федерация экс-президенті Ерлан Сәдуақасұлы тауып берді. Елімізде спорт психологиясы жеткілікті дамымаған. Иә, психолог көп. Анкета алып, қағаз жүзінде жұмыс істейтіні жетіп артылады. Бірақ ол не береді? Спорт психологі балуанның ішіндегісін суырып алып, жол көрсетуі керек. Кезінде Лапшева Рио олимпиадасының қола жүлдегерлері — Ека-

терина Ларионованы, Эльмира Сыздықованы аша білді. Спорт психологі болмаса да, ізденіп, семинарға қатысып, нәтиже шығарды. Қазір балуандардан сұрасам, «психолог керегі жоқ, анкета толтырудан әрі аспайды» деп жатады. Меніңше, әр өңірде жергілікті спорт психологі жұмыс істеуі керек. Спортшының үй-ішін, отбасы жағдайын жетік білетін, дер кезінде көмектесе алатын адам болғаны жөн. Өйткені ұлттық құрама психологі балуанмен оқу-жаттығу жиыны кезінде ғана жұмыс істейді. Оның ел аралап, спортшының жай-күйін бақылауға ресурсы жоқ, бюджет жетпейтіні тағы бар. Сондықтан осы мәселені жолға қойса игі. Жеке бапкер де осыған атсалысып, маман іздесе деймін. Мысалы, күресте жалпы дене дайындығы бар. Сол маманға да жеке бапкер спортшыны сүйреп апарып, уақытын белгілеп, бірге жаттыққаны дұрыс. Оқу-жаттығу жиынында балуанның тонусын көрсетіп, функционалды жаттығуына көңіл бөлгенімізбен, екі аптаның ішінде бұлшықетін өсіре алмаймыз. Сол сияқты балуанның кітап

одан кейінгі өмірге икемделуді нұсқаймын. Байқасам, балуандар жанына спортшы достарын жинап алады. Жок, баска саладан да дос тауып, бір сәт күрестен алшақтау керек. Сонда тоқырамайсың, күреске баска жағынан қарауды үйренесің.

—**Бұдан бұрын Гюзель Манюровамен кикілжің туралы айтып қалдыңыз. Спортшы өзін ұлттық құрамдан биік қойғанда команда ішіндегі алауыздықты қалай шештіңіз?**

—Бірінші тәртіпті жолға қойдым. Сол шақта 40 қыз қырық жаққа тартатын болса, не болады? Әрқайсы жеке жаттығамын, жоспарым бөлек десе, алауыздық басталады. Қандай нәтиже болмасын түбінде жүк бас бапкерге түседі. Олимпиада жүлдегері ме, баска ма бәріне тәртіп бірдей. Жакында Шалыгина мен Кузнецованы тәртіп бұзғаны үшін Азия чемпионатынан шеттеттім. Буларға көз жұсам, ертен баскасы шығады. Жеке жоспарымен жүретін болса, ұлттық құраманың керегі қанша?

Рас, Гюзель бас бапкер болуымен қатар күресіп жүрді. Келе-келе федерация одан бірін тандауды ұсынды. 2014 жылы Азия ойындарынан кейін күресті тандады. Оны ешкім қумалды, алып тастамады. Федерация конкурсынан кейін кандидаттар арасынан мені тандады. Өйткені жасөспірімдер арасында 9 жыл жұмыс істедім, ересектер арасындағы шәкірттерім топ жарып жүрді. Тандау маған түсіп, ұлттық құраманың арасындағы кикілжіңді реттеуге тырыстым. Бұл іс Манюроваға ұнамады. Менің жоспарымен дайындалғысы келмеді. Өз жоспарымен дайындалуды сұрады, оған басшылық рұқсат бермеді. Содан өзім жоғарыға айтып, оның жеке дайындалуын сұрадым. Өйткені егер де нәтиже көрсетпей қалса, менің жоспарымен дайындалғанын айтса, маған сын. Бір жағынан, бұрын бас бапкер болған соң құрамадағылар оның қас қабағына қарап жүрді. Ал екі бас бапкер жүрген жерде нәтиже болмасы анық. Кейін ол Олимпиаданың күміс жүлдесін алды. Бірақ 100 пайыз жеке дара дайындалған жоқ. Соңғы үш жарысқа менің жоспарымен барып, дайындалды. Сондықтан жақсы нәтиже көрсеттік деп ойлаймын. Ол мені менсінбегені рас. Өйткені ойындағы адам бас бапкер болған жоқ. Кедергі жасағысы келді, жасады да. Бірақ бәрін еңсердік. Десе де тік сөйлеп, ойын ашық айтатын спортшы. Сол қасиетін бағалаймын. Осындайда тәртіп болмаған жерде жетістікке орын жоғын ескеру керек.

— **Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан
Айзат АЙДАРҚЫЗЫ**

ГИМНАСТАРДАН ҮМІТ КӨП

Спорттық гимнастикадан ерлер арасындағы Азия чемпионаты биыл 5-8 маусым аралығында Оңтүстік Кореяның Чечхон қаласында өтеді. Қазақстан бұл турнирге жоғары орындар үшін күресуге қабілетті ең мықты құраммен қатыспақ. Алайда жарыста әлемнің ең үздік гимнастарымен бәсекелесуге тура келеді.



Әсет ҚАЛИ

Жарыстар алғаш рет осындай деңгейдегі турнирді қабылдайтын Jecheon Gymnasium аренасында өтеді. Оңтүстік Кореяға ең мықты құрамалар жиналады. Атап айтқанда, Жапония мен Қытайдың гимнастары да бар. Олар 2025 жылғы Әлем кубогының кезеңдеріне қатыспаған болатын.

Биыл барлық команда үшін басты жарыс — әлем чемпионаты. Жапония мен қытайлықтар Әлем кубогының кезеңдеріне қатыспағандықтан, Азия чемпионатына ең үздік спортшыларын апарып, әлем біріншілігінің алдында дайындық жүргізуді жоспарлап отыр. Қазақстан құрамасының да мүмкіндігі жоғары. Сондай-ақ Корея, Өзбекстан, Тайбэй және баска елдердің де спортшылары мықты. Демек, жарыста бәсекелестік өте жоғары деңгейде болмақ.

Былтыр Ташкентте өткен Азия чемпионатында Қытай, Оңтүстік Корея және Өзбекстан құрамалары көш бастады. Қытайлық гимнастар командалық есепте алтын жүлдені жеңіп алып, жекеley жаттығуларда да Инь Дэхан мен Тянь Хаоның арқасында ерекшеленді. Өзбекстан құрамасы Абдулла Азимовтің жетекшілігімен командалық есепте екінші орын алды және жекеley жаттығуларда да жүлдеге қол жеткізді. Айта кетейік, Корея тек командалық есепте үшінші нәтиже көрсетіп, қола медаль жеңіп алды.

Қазақстан құрамасы төрт медальмен ерекшеленді. Нариман Курбанов ат снарядындағы жаттығудың финалында жеңіске жетсе, Милад Карими көпсайыста және еркін жаттығуда екінші орын алды. Сондай-ақ ол кермедегі жаттығуда жеңімпаз атанды. Айта кету керек, бұл — Миладтың Азия чемпионатындағы алғашқы жеңісі. Бұған дейін қазақстандықтардың арасында көпсайыста ешкім күміс медаль иеленбеген.

Айта кетейік, Париждегі Олимпиада ойындарында барлық алтын медальді Азия гимнастары жеңіп алды. Жекеley көпсайыста жеңіс тұғырының барлық үш сатысын Жапония мен Қытай спортшылары иеленді. Командалық көпсайыста да жапондар жеңіске жетіп, қытайлықтарды (күміс) артта қалдырды.

Карими маусымды өте жақсы бастады. Оның еншісінде Әлем кубогы кезеңдерінен алты алтын медаль бар. Ал Курбанов Олимпиададан кейін аздап үзіліс алғанымен, қазір қайтадан бабына келіп жатыр. Түркияда өткен халықаралық турнирде ол алтын медаль жеңіп алды. Сондай-ақ биыл қоссырықтағы жаттығуда Әлем кубогының кезеңінде жеңіс тұғырынан көрінген Дмитрий Патанинді де атап өтуге болады.

Азия чемпионатына дейін бас бапкер Александр Ким құрамға іріктеу жүйесін түсіндіріп өткен болатын:

«Алда бізді Оңтүстік Кореяда өтетін Азия чемпионаты күтіп тұр. Бұл — командалық жарыс. Сондықтан құрамға командалық есепте ең жоғары нәтиже көрсете алатын спортшылар енеді», — делі Александр Ким.

Қазақстан командасының толық құрамында Милад Карими, Ілияс Әзізов, Дмитрий Патанин, Нариман Курбанов, Әлішер Тойбазаров бар. Ал жасөспірімдердің қатарына Роман Мамедов, Нұртан Ыдырысов, Роман Хегай, Артем Ковалев, Владислав Бабушкин, Андрей Терман, Досжан Өмірсерік кірді.

Құраманың болашағы бар. Егер Қытай мен Жапония ең мықты құрамдарын алып келсе, командалық көпсайыста жеңіс тұғырына шығу оңай болмайды. Бірақ бұл алынбайтын асу емес. Мысалы, 2023 жылы Қазақстан Азия чемпионатында қола медаль жеңіп алды. Ол кезде де Карими, Курбанов, Әзізов, Патанин және Тойбазаров өнер көрсеткен еді.

 AMANAT Media Group AIQYN Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ	Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР: Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы Назгүл АЗАРБЕК – Шымкент қаласы Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы Банн ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы	«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102 Жеке жазылушылар үшін – 65102 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklama.aikyn@gmail.com ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(771) 804-61-32 podpiska.alt@gmail.com Газет аптасына 3 рет шығады	Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000 Тапсырыс №4600 Астана қ. «Медиа-холдинг» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ Мұқанов көшесі, 223 Б Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,
--	---	---	--